- [16] Anile M. *Relativistic Fluids and Magneto-Fluids: With Applications in Astro physics and Plasma Physics.* – Cambridge University Press, 1990. <https://api.semanticscholar.org/CorpusID:222078133>
- [17] Zeldovich Y.B. and Novikov I.D. *Relativistic Astrophysics. Stars and Relativity* – University of Chicago Press, 1971. <https://ui.adsabs.harvard.edu/abs/1971reas.book.....Z>
- [18] Salpeter E.E. and van Horn H.M. *Nuclear reaction rates at high densities* // *Astrophys. J.* – 1969. – Vol.155. – P.183. DOI: 10.1086/149858
- [19] Feynman R.P., Metropolis N. and Teller E. *Equations of state of elements based on the generalized Fermi-Thomas theory* // *Phys. Rev.* – 1949. – Vol.75. – P.1561. DOI: 10.1103/PhysRev.75.1561
- [20] Tremblay P.E., Bergeron P. and Gianninas A. *An improved spectroscopic analysis of DA white dwarfs from the Sloan Digital Sky Survey data release 4* // *Astrophysical Journal* – 2011. – Vol.730. – P.128. DOI:10.1088/0004-637X/730/2/128

М.К. Ибраимов<sup>1</sup>, Б.А. Ханиев<sup>1</sup>, Т.С. Дуйсебаев<sup>1</sup>, А.О. Тілеу<sup>1</sup>, Д.Б. Әлмен<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

\*e-mail: dinara.almen@gmail.com

## СЕЛЕКТИВНЫЙ АММИАЧНЫЙ СЕНСОР НА ОСНОВЕ ПОЛУПРОВОДНИКОВОЙ ГЕТЕРОСТРУКТУРЫ ПОРИСТЫЙ КРЕМНИЙ - ОКСИД ВОЛЬФРАМА

### Аннотация

В работе был изготовлен газовый сенсор на основе гетероструктурного материала, состоящего из пористого кремния (ПК) и оксида вольфрама (WO<sub>3</sub>). ПК был получен методом электрохимического травления, а гетероструктурный материал ПК/ WO<sub>3</sub> методом магнетронного распыления. С помощью сканирующего электронного микроскопа (СЭМ) Quanta 200i 3D, системы NT-MDT Solver Spectrum, дифрактометра Rigaku Miniflex 600 и модуля NI ELVIS II+ были исследованы электрические и морфологические характеристики полученного гетероструктурного материала, а также его чувствительность к различным газам. Экспериментальные работы показали, что среди нескольких видов газа, полученных в качестве пробы, указанный газовый сенсор обладает высокой чувствительностью к молекулам аммиака, соответственно исследуемый материал может быть использован в качестве селективного сенсора аммиака.

*Ключевые слова:* полупроводник, гетероструктура, пористый кремний, оксид вольфрама, газовый сенсор, аммиак, электрохимическое травление, магнетронное распыление.

М.К. Ибраимов<sup>1</sup>, Б.А. Ханиев<sup>1</sup>, Т.С. Дуйсебаев<sup>1</sup>, А.О. Тілеу<sup>1</sup>, Д.Б. Әлмен<sup>1</sup>

<sup>1</sup>әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## ШАЛАӨТКІЗГІШТІ ГЕТЕРОҚҰРЫЛЫМ НЕГІЗІНДЕГІ СЕЛЕКТИВТІ АММИАК ГАЗ СЕНСОРЫ

### Аңдатпа

Бұл жұмыста кеуекті кремний мен вольфрам оксидінен тұратын гетероқұрылымдық материал негізінде газ сенсоры жасалды. Кеуекті кремний электрохимиялық жеміру арқылы, ал кеуекті гетероқұрылымды кремний/WO<sub>3</sub> материалы магнетронды шашырату арқылы алынды. Quanta 200i 3D сканерлеуші электронды микроскопы (СЭМ), NT-MDT Solver Spectrum жүйесі, Rigaku Miniflex 600 дифрактометрі және NI ELVIS II+ модулі арқылы гетероқұрылымды материалдың электрлік және морфологиялық сипаттамалары, сондай-ақ оның әртүрлі газдарға сезімталдығы зерттелді. Эксперименттік жұмыс аталмыш газ сенсорының үлгі ретінде алынған газдың бірнеше түрлерінің ішінде аммиак молекулаларына жоғары сезімталдыққа ие екенін көрсетті, сәйкесінше зерттелетін материалды аммиактың селективті сенсоры ретінде пайдалануға болады.

*Түйін сөздер:* шалаөткізгіш, гетероқұрылым, кеуекті кремний, вольфрам оксиді, газ сенсоры, аммиак, электрохимиялық жеміру, магнетронды тоздату.

M.K. Ibraimov<sup>1</sup>, B.A. Khaniyev<sup>1</sup>, T.S. Duisebayev<sup>1</sup>, A.O. Tileu<sup>1</sup>, D.B. Almen<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

## SELECTIVE AMMONIA SENSOR BASED ON SEMICONDUCTOR HETEROSTRUCTURE

### Abstract

In this work, a gas sensor was fabricated based on a heterostructural material consisting of porous silicon and tungsten oxide. Porous silicon was obtained by electrochemical etching, and porous silicon/WO<sub>3</sub> material was obtained by magnetron sputtering. Using a Quanta 200i 3D scanning electron microscope (SEM), an NT-MDT Solver Spectrum system, a Rigaku Miniflex 600 diffractometer, and an NI ELVIS II+ module, the electrical and morphological characteristics of the resulting heterostructure material, as well as its sensitivity to various gases, were studied. Experimental work has shown that among several types of gas obtained as a sample, the specified gas sensor has a high sensitivity to ammonia molecules, respectively, the material under study can be used as a selective ammonia sensor.

**Keywords:** semiconductor, heterostructure, porous silicon, tungsten oxide, gas sensor, ammonia, electrochemical etching, magnetron sputtering

## Введение

В настоящее время развитие промышленных технологий и автоматизация процессов, повышенные требования к здоровью человека и охране окружающей среды привели к значительному увеличению спроса на высокочувствительные и селективные газовые сенсоры [1]. К основным областям применения этих устройств относятся промышленные предприятия, фабрики, шахты, службы промышленной безопасности и места массового скопления людей [2].

Обнаружение газообразного аммиака ( $\text{NH}_3$ ) представляет большой интерес в таких областях, как сельское хозяйство, промышленная химия, экологическая ориентация, машиностроение и медицина. Газообразный  $\text{NH}_3$  – очень опасный, горючий, ядовитый газ, который даже в малых концентрациях может повредить кожу, глаза и органы дыхания [3]. В настоящее время полупроводники на основе оксидов металлов широко используются в качестве сенсоров  $\text{NH}_3$  и других газов. Naderi и др. разработали стабильное сенсорное устройство, способное обнаруживать газообразный  $\text{NH}_3$  с концентрацией до 212 ppb при  $150^\circ\text{C}$  из гетероструктуры  $\text{V}_2\text{O}_5/\text{CuWO}_4$ , а также объяснили механизм чувствительности химическими реакциями [4]. Yang и др. показали, что чувствительность и селективность сенсорного устройства к газообразному  $\text{NH}_3$  увеличиваются при высоких температурах при использовании структуры  $\text{ZnFe}_2\text{O}_4$  в качестве чувствительного материала и добавлении к ней золота [5]. Хотя эти сенсорные устройства имеют высокий коэффициент чувствительности к газу  $\text{NH}_3$ , обычно сенсоры на основе оксидов металлов имеют высокую рабочую температуру, что может увеличить энергопотребление, а также имеют сложные и дорогие технологии производства.

Большая площадь поверхности, обусловленная фрактальной структурой, химическая активность поверхности материала, несложная технология производства, а также уникальные оптические, электрические и структурные свойства делают пористый кремний (ПК) перспективным материалом для использования в качестве чувствительного элемента в газосенсорной технике [6]. Кроме того, еще одним преимуществом использования кремниевых наноструктур в качестве сенсора газа является совместимость с современной электроникой. Хотя ПК весьма чувствителен к некоторым типам газов, он менее стабилен из-за быстрого закисления его поверхности. Таким образом, характеристики чувствительности и селективности электронных сенсоров газа для труднообнаруживаемых частиц газа могут быть повышены за счет использования материала, состоящего из ПК и металло-оксидных полупроводников, для промышленных применений твердотельной электроники [7].

Результаты экспериментального исследования показали, что испытуемые образцы способны обнаруживать вредные газы до концентрации 0,1 ppm при комнатной температуре. Эти результаты демонстрируют возможность разработки высокочувствительных и экономичных электронных сенсоров для различных вредных и опасных газов.

Целью данной работы является исследование характеристик и изготовление чувствительного и селективного сенсора газа аммиака на основе гетероструктурного материала, состоящего из ПК и оксида вольфрама.

## Методология исследования

Основой материала гетероструктуры является ПК. Его получают из кремния p-типа с удельным сопротивлением  $10 \text{ Ом}\cdot\text{см}$  и размером  $1 \times 1 \text{ см}^2$  методом электрохимического травления. На рис. 1 представлена схема получения ПК. Электрохимическое травление проводили в специальной фторопластовой ячейке в электролите, содержащем  $\text{HF}$ :спирт = 1:1, при плотности тока  $\text{мА}/\text{см}^2$ , напряжении 30 В и времени 40 мин. Перед электрохимическим травлением кремниевая пластина была очищена в растворе  $\text{HF}$  и промыта деионизированной

водой. Перед помещением кремниевой пластины в ячейку, где проводится процесс электрохимического травления, на нижнюю поверхность кремния необходимо нанести слой металла (в нашем случае никеля). Для этого необходимо рабочую поверхность, то есть поверхность, на которой формируется пористый слой, нужно держать в растворе никеля, нагретым до температуры 50-60 °С в течение 5-7 минут. После закрепления металлического слоя на нижней поверхности, кремниевую пластину помещают в ячейку из фторопластового тефлона и заливают электролитом. На нижней поверхности кремния установлено уплотнительное кольцо, чтобы электролит не проходил. В качестве катода используется платина, так как платина является одним из металлов, не претерпевающих никаких изменений под действием плавиковой кислоты HF. Анод соединяется с поверхностью кремния, на которой нанесен никель. При использовании ячейки такой конструкции ПК полностью формируется на поверхности площадки, контактирующей с электролитом. Преимуществом такой конструкции перед другими технологиями является простота технологии и относительно невысокая цена.





Рисунок 1. Схема получения ПК

Показатель пористости полученного образца ПК определяли гравиметрическим методом по следующему выражению (1):

$$P = \frac{m_1 - m_2}{m_1 - m_3} \times 100\%, \quad (1)$$

где  $m_1$  – масса кремниевой пластины до травления,  $m_2$  – масса ПК,  $m_3$  – масса образца с удаленным пористым слоем.

Для получения электрических характеристик ПК используются различные электронные устройства. Поэтому на поверхность ПК устанавливаются контакты из смеси металлов галлия и индия, обеспечивающие контакт ПК с приборами (рис. 2).



1 – InGa контакт; 2 – слой ПК; 3 – кремний.

Рисунок 2. Металлический контакт, закрепленный на поверхности ПК

Для получения гетероструктуры оксид вольфрама ( $WO_3$ ) напыляли на поверхность ПК методом магнетронного распыления. В таблице 1 приведены параметры метода магнетронного распыления.



Таблица 1. Параметры магнетронного распыления

№	Параметр	Описание
1	Скорость потока Ar, ссст	45
2	Скорость потока O <sub>2</sub> , ссст	5
3	Начальное давление, Торр	6·10 <sup>-7</sup>
4	Рабочее давление, мТорр	5
5	Расстояние до цели, см	13
6	Мощность, Вт	40

Морфологию полученных образцов изучали с помощью изображений сканирующего электронного микроскопа. Кроме того, были получены Рамановский и XRD спектры образцов. Морфологию исследуемых в данной работе материалов изучали по изображениям, полученным на сканирующем электронном микроскопе Quanta 200i 3D. Спектры Рамана анализировались с помощью системы NT-MDT Solver Spectrum и возбуждались лазером с длиной волны 473 нм. Спектры XRD, полученные для фазового анализа образцов, измеряли с помощью дифрактометра Rigaku Miniflex 600. Для определения электрических характеристик и чувствительности гетероструктур ПК/WO<sub>3</sub> были измерены их ВАХ (вольт-амперные характеристики). Чувствительность и ВАХ ПК исследовались в модуле NI ELVIS II+. В среде программирования LabVIEW была собрана специальная схема и получены ВАХ ПК. Схема исследования электрических характеристик образцов ПК представлена на рис. 3.




Рисунок 3. Схема исследования чувствительности образцов к видам газа


Газовый сенсор помещается в коробку объемом примерно 7 л и размерами 19 см x 19 см x 19 см. Молекулы газа вводятся в коробку в жидком виде, а концентрация газа рассчитывается по формуле (2) [4]:

$$C = \frac{\rho \times T \times V_1 \times R}{M \times V_2 \times P}, \quad (2)$$

где  $C$  – концентрация газа [ppm],  $\rho$  – плотность жидкости [г/см<sup>3</sup>],  $T$  – абсолютная температура [К],  $V_1$  – объем жидкости [мкл],  $R$  – универсальная газовая постоянная [8,31 Дж/моль·К],  $P$  – давление внутри ящика [Па],  $V_2$  – объем ящика [л],  $M$  – молекулярная масса жидкости [г/моль].

### Результаты исследования

На рис. 4 показаны СЭМ-изображения поперечного сечения и вид сверху полученного материала ПК/WO<sub>3</sub>. Из рисунка видно, что полупроводник n-типа WO<sub>3</sub> осаждается на поверхность ПК в виде цельной тонкой пленки, покрывающей пористую поверхность.



А – ПК; Б – ПК/ $WO_3$ ; 1 – вид сверху; 2 – вид в разрезе.  
Рисунок 4. СЭМ-изображения ПК и ПК/ $WO_3$

На рис. 5 показаны спектры XRD и Рамановский спектр, показывающие успешное осаждение материала  $WO_3$  на поверхность ПК.




Рисунок 5. XRD (А) и Рамановский (Б) спектры ПК и ПК/ $WO_3$

В Рамановском спектре гетероструктура ПК/ $WO_3$  наблюдаются пики при  $710\text{ см}^{-1}$  и  $807\text{ см}^{-1}$ , соответствующие режиму растяжения связи O-W-O, а также полоса  $270\text{ см}^{-1}$ , соответствующая изгибной моде связи O-W-O [8]. Эти результаты показывают, что  $WO_3$  соответствует моноклинной фазе. На рис. 5, Б помимо пиков, обусловленных нижележащим слоем ПК, имеется несколько пиков, обусловленных слоем  $WO_3$  со значительно более сильными и дополнительными слабыми пиками. На рисунке видны пики с сильной интенсивностью в плоскостях (110), (-112), (112), (-224), соответствующих углам  $24.22^\circ$ ,  $33.39^\circ$ ,  $34.26^\circ$ ,  $70.14^\circ$ . Эта информация поддерживается базой данных JCPDS 01-088-5-0550. Эти пики соответствуют моноклинной фазе  $WO_3$ , в этом случае параметры кристаллической ячейки составляют:  $a = 5.261$ ,  $b = 5.128$ ,  $c = 7.65$  и  $\beta = 92.05$ .

### Дискуссия

Рассмотрим теперь электрические характеристики образца ПК/ $WO_3$  при воздействии различных газов. Когда полупроводник n-типа  $WO_3$  осаждается на поверхности ПК р-типа, образуется р-n переход. На рис. 6 представлены ВАХ материала ПК/ $WO_3$  с таким р-n-гетеропереходом, измеренные в диапазоне напряжений  $U = 1.5 - 1.7$  В при воздействии различных газов. Из рисунка видно, что указанный проводящий материал хорошо реагирует на молекулы аммиака. Он менее чувствителен к парам толуола, этанола и хлороформа, взятых в качестве пробы.




Рисунок 6. ВАХ сенсора на основе гетероструктуры ПК/ $WO_3$  при воздействии различных газов




Рисунок 7. Диаграммы чувствительности газовых сенсоров на основе гетероструктуры ПК/ $WO_3$  к различным молекулам газа

Из диаграммы, представленной на рис. 7, можно сделать вывод, что гетероструктура ПК/ $WO_3$  может быть использована при изготовлении газового сенсора со стабильной поверхностью и высокой селективностью к аммиаку. Чувствительность материала к аммиаку увеличилась с 33,25% до 49% по сравнению с ПК. А чувствительность к другим видам газов, взятых для испытания, равна 3%.

Чтобы понять механизм обнаружения частиц газа гетероструктуры ПК/ $WO_3$ , рассмотрим ее диаграмму энергетической зоны (рис. 8).




Рисунок 8. Зональная диаграмма гетероструктуры пористый кремний/ $WO_3$  [9]

При этом следует отметить, что  $WO_3$  является полупроводником n-типа, поэтому его зонная диаграмма имеет уровень Ферми, близкий к зоне проводимости. Кроме того, ширина

запрещенной зоны и сродство к электрону (аффинность) полупроводникового материала  $WO_3$  составляют  $E_g = 2.7$  эВ,  $\chi = 3.3$  эВ, соответственно. Зная параметры  $WO_3$  и пористых кремниевых полупроводников, можно построить энергетическую диаграмму, как показано на рис. 8. При магнетронном распылении, когда на поверхность ПК наносится слой  $WO_3$ , электроны, являющиеся основными носителями заряда в  $WO_3$ , движутся в сторону ПК за счет высокого уровня Ферми, а дырки движутся в сторону  $WO_3$ . Этот процесс продолжается до тех пор, пока уровни Ферми двух материалов не сравняются. Когда ПК/ $WO_3$  подвергается воздействию воздуха, молекулы кислорода адсорбируются на поверхности  $WO_3$  и притягивают электроны из зоны проводимости, что приводит к образованию ионов кислорода. И ПК, и  $WO_3$  могут адсорбировать молекулы кислорода благодаря своим поверхностным характеристикам. Это приводит к сужению зоны проводимости и увеличению области обеднения в результате захвата большого количества свободных электронов. По мере того, как захватывается больше свободных электронов, обедненная область увеличивается и формируется инверсионный слой. При воздействии газа на гетероструктуру ПК/ $WO_3$  молекулы газообразного аммиака взаимодействуют с адсорбированными ионами кислорода и возвращают захваченные электроны в область проводимости. Таким образом, уменьшается площадь обеднения электронами, снижается сопротивление материала и, как следствие, увеличивается величина тока. Однако низкую чувствительность к некоторым типам газов можно объяснить небольшим изменением области обеднения электронами из-за большой ширины запрещенной зоны материала  $WO_3$  [9].

### Заключение

Таким образом, в данной работе исследованы электрические и морфологические характеристики высокочувствительного и селективного к парам аммиака при комнатной температуре гетероструктурного материала, состоящего из ПК и  $WO_3$ . Прежде всего, в специальной лаборатории из пластины кристаллического кремния был получен слой ПК. Затем методом магнетронного распыления на поверхность ПК наносился  $WO_3$  для получения полупроводниковой гетероструктуры. На поверхность полученного материала устанавливали металлические контакты для изучения электрических характеристик. Экспериментальные работы показали, что среди нескольких типов газов, чувствительность указанного газового сенсора к молекулам аммиака высока, соответственно исследуемый материал может быть использован в качестве селективного сенсора аммиака. Механизм обнаружения газа был объяснен на основе энергетической зонной диаграммы гетероструктурного материала.

### Благодарности

Работа выполнена при поддержке грантового финансирования научно-технических программ и проектов Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, ИРН AP09058525.

### Список использованных источников

- [1] Alwan A. M., Abed H. R., Rashid R. B. Enhancing the temporal response of modified porous silicon-based CO gas sensor //Solid-State Electronics. – 2021. – Т. 181. – С. 108019. <https://doi.org/10.1016/j.sse.2021.108019>
- [2] Kumar R., Kumar A., Singh R., Kumar R., Kumar D., Sharma S. K., Kumar M. Room temperature ammonia gas sensor using Meta Toluic acid functionalized graphene oxide //Materials Chemistry and Physics. – 2020. – Т. 240. – С. 121922. <https://doi.org/10.1016/j.matchemphys.2019.121922>
- [3] Liu I.P., Chang C.H., Chou T.C., Lin K.W. Ammonia sensing performance of a platinum nanoparticle-decorated tungsten trioxide gas sensor //Sensors and Actuators B: Chemical. – 2019. – Т. 291. – С. 148-154. <https://doi.org/10.1016/j.snb.2019.04.046>

- [4] Naderi H., Hajati S., Ghaedi M., Dashtian K., Sabzehmeidani M. M. Sensitive, selective and rapid ammonia-sensing by gold nanoparticle-sensitized  $V_2O_5/CuWO_4$  heterojunctions for exhaled breath analysis // *Applied Surface Science*. – 2020. – T. 501. – C. 144270. <https://doi.org/10.1016/j.apsusc.2019.144270>
- [5] Yang B., Wang C., Xiao R., Yu H., Wang J., Liu H., Xia F., Xiao J. High sensitivity and fast response sensor based on sputtering Au tuned  $ZnFe_2O_4$ -SE for low concentration  $NH_3$  detection // *Materials Chemistry and Physics*. – 2020. – T. 239. – C. 122302. <https://doi.org/10.1016/j.matchemphys.2019.122302>
- [6] Kareem M. H., Hussein A. M. A., Hussein H. T. Preparation high quality ethanol gas sensor by modifying porous silicon (PS) surface with carbon nanotube (CNTs) // *Optik*. – 2022. – T. 259. – C. 168826. <https://doi.org/10.1016/j.ijleo.2022.168826>
- [7] Thomas T., Kumar Y., Ramón J.A.R., Agarwal V., Guzmán S.S. Reshmi R., Pushpan S., Loredó S.L., Sanal K.C. Porous silicon/ $\alpha$ - $MoO_3$  nanohybrid based fast and highly sensitive  $CO_2$  gas sensors // *Vacuum*. – 2021. – T. 184. – C. 109983. <https://doi.org/10.1016/j.vacuum.2020.109983>
- [8] Li M., Hu M., Jia D., Ma S., Yan W.  $NO_2$ -sensing properties based on the nanocomposite of n- $WO_3$ - $\lambda$ /n-porous silicon at room temperature // *Sensors and Actuators B: Chemical*. – 2013. – Vol. 186. – P. 140-147. <https://doi.org/10.1016/j.snb.2013.05.084>
- [9] Yan D., Li S., Liu S., Tan M., Cao M. Electrodeposited tungsten oxide films onto porous silicon for  $NO_2$  detection at room temperature // *Journal of Alloys and Compounds*. – 2018. – Vol. 735. – P. 718-727. <https://doi.org/10.1016/j.jallcom.2017.11.175>

#### References

- [1] Alwan A. M., Abed H. R., Rashid R. B. Enhancing the temporal response of modified porous silicon-based  $CO$  gas sensor // *Solid-State Electronics*. – 2021. – T. 181. – C. 108019. <https://doi.org/10.1016/j.sse.2021.108019>
- [2] Kumar R., Kumar A., Singh R., Kumar R., Kumar D., Sharma S. K., Kumar M. Room temperature ammonia gas sensor using Meta Toluic acid functionalized graphene oxide // *Materials Chemistry and Physics*. – 2020. – T. 240. – C. 121922. <https://doi.org/10.1016/j.matchemphys.2019.121922>
- [3] Liu I.P., Chang C.H., Chou T.C., Lin K.W. Ammonia sensing performance of a platinum nanoparticle-decorated tungsten trioxide gas sensor // *Sensors and Actuators B: Chemical*. – 2019. – T. 291. – C. 148-154. <https://doi.org/10.1016/j.snb.2019.04.046>
- [4] Naderi H., Hajati S., Ghaedi M., Dashtian K., Sabzehmeidani M. M. Sensitive, selective and rapid ammonia-sensing by gold nanoparticle-sensitized  $V_2O_5/CuWO_4$  heterojunctions for exhaled breath analysis // *Applied Surface Science*. – 2020. – T. 501. – C. 144270. <https://doi.org/10.1016/j.apsusc.2019.144270>
- [5] Yang B., Wang C., Xiao R., Yu H., Wang J., Liu H., Xia F., Xiao J. High sensitivity and fast response sensor based on sputtering Au tuned  $ZnFe_2O_4$ -SE for low concentration  $NH_3$  detection // *Materials Chemistry and Physics*. – 2020. – T. 239. – C. 122302. <https://doi.org/10.1016/j.matchemphys.2019.122302>
- [6] Kareem M. H., Hussein A. M. A., Hussein H. T. Preparation high quality ethanol gas sensor by modifying porous silicon (PS) surface with carbon nanotube (CNTs) // *Optik*. – 2022. – T. 259. – C. 168826. <https://doi.org/10.1016/j.ijleo.2022.168826>
- [7] Thomas T., Kumar Y., Ramón J.A.R., Agarwal V., Guzmán S.S. Reshmi R., Pushpan S., Loredó S.L., Sanal K.C. Porous silicon/ $\alpha$ - $MoO_3$  nanohybrid based fast and highly sensitive  $CO_2$  gas sensors // *Vacuum*. – 2021. – T. 184. – C. 109983. <https://doi.org/10.1016/j.vacuum.2020.109983>
- [8] Li M., Hu M., Jia D., Ma S., Yan W.  $NO_2$ -sensing properties based on the nanocomposite of n- $WO_3$ - $\lambda$ /n-porous silicon at room temperature // *Sensors and Actuators B: Chemical*. – 2013. – Vol. 186. – P. 140-147. <https://doi.org/10.1016/j.snb.2013.05.084>
- [9] Yan D., Li S., Liu S., Tan M., Cao M. Electrodeposited tungsten oxide films onto porous silicon for  $NO_2$  detection at room temperature // *Journal of Alloys and Compounds*. – 2018. – Vol. 735. – P. 718-727. <https://doi.org/10.1016/j.jallcom.2017.11.175>

Т.Б. Қоштыбаев<sup>1</sup>, М.Е. Алиева<sup>2\*</sup>, Б.Ә. Камал<sup>2</sup>, Э.О. Құткелдиева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

\*e-mail: moldir-2008@mail.ru

## ДЕНЕНІҢ БІРҚАЛЫПТЫ ЖӘНЕ БІРҚАЛЫПСЫЗ ҚОЗҒАЛЫСТАРЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ

### Аңдатпа

Мақалада дененің бірқалыпты түзу сызықты қозғалысын дене координаталарының өспелі немесе кемімелі арифметикалық прогрессиясы деп, ал осы қозғалыстың бірқалыпсыз (үдемелі) сипатқа ауысуы прогрессияның бұзылуы (ауытқуы) деп қарастырылған. Координаталардың уақыт бойынша өзгерістері бірқалыпты сипаттан ауытқыған кезде прогрессия жылдамдығы мен дененің секунд сайынға орын ауыстырулары өспелі немесе кемімелі прогрессияға түсетіні көрсетілген. Дене координаталарының сызықтық заңдылықпен өзгеру шарттарына арналған Ньютонның бірінші заңы мен координаталардың параболалық заңдылықпен өзгеруін қарастыратын Ньютонның екінші заңының математикалық тұтастығы айқындалған. Механикалық шамалардың (координатаның, жылдамдықтың, орын ауыстырулардың) уақыт бойынша өзгерістерін (қозғалыс теңдеулерін) сызықтық және сызықтық емес функциялар ретінде қарау, осы шамаларды графикалық және физикалық тұрғыда бағалау арқылы бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыстардың математикалық (теориялық) негіздемесі берілген.

*Түйін сөздер:* бірқалыпты қозғалыс, үдеу, орын ауыстыру, жылдамдық, координата, прогрессия.

Т.Б. Коштыбаев<sup>1</sup>, М. Е. Алиева<sup>2</sup>, Б.А. Камал<sup>2</sup>, Э.О. Куткельдиева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстаны

## МАТЕМАТИЧЕСКОЕ ОБОСНОВАНИЕ РАВНОМЕРНОГО И НЕРАВНОМЕРНОГО ДВИЖЕНИЯ ТЕЛА

### Аннотация

В статье равномерное прямолинейное движение рассматривается как растущая или убывающая арифметическая прогрессия координат тела, а его изменение на неравномерное (ускоренное) движение как нарушение (отклонение) прогрессии. Так же показано, что когда изменения координат по времени отклоняется от равномерного механического состояния, то скорость прогрессии и перемещения тела в каждую секунду изменяются по закону растущей или убывающей прогрессией. Определена математическая целостность первого закона Ньютона, описывающий изменения координат тела по линейному закону и второго закона Ньютона, рассматривающий изменение координат по закону параболы. Представлено математическое (теоретическое) обоснование равномерного и неравномерного движения, где изменения механических величин (координат, скорости, перемещений) по времени рассматриваются как линейные и нелинейные функций, в то же время оценивающее этих величин графический и физический.

*Ключевые слова:* равномерное движение, ускорение, перемещение, скорость, координата, прогрессия.

T. Koshtybayev<sup>1</sup>, M. Aliyeva<sup>2</sup>, B. Kamal<sup>2</sup>, E. Kutkeldiyeva<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

## MATHEMATICAL JUSTIFICATION OF UNIFORM AND UNEVEN MOVEMENT OF THE BODY

### Abstract

In this article, uniform rectilinear motion is considered as an increasing or decreasing mathematical progression of the coordinates of the body, and its change to an uneven (accelerated) movement as a violation (deviation) of the progression. It is also shown that when the time coordinate changes deviate from a uniform

position, the rate of progression and movement of the body in each second become a growing or decreasing progression. The mathematical integrity of the first Newton's law is determined, which is intended to consider changes in the coordinates of the body according to the linear law and the second Newton's law, which considers the change of coordinates according to the law of the parabola. The mathematical justification (theoretical) of uniform and uneven motion is given by graphical and physical representation of these quantities, considering changes in mechanical quantities (coordinates, velocities, displacements) over time as linear and nonlinear functions.

*Keywords:* uniform motion, acceleration, displacement, speed, progression.

### **Кіріспе**

Дененің механикалық қозғалыстарының кинематикалық теориясында бірқалыпты түзу сызықты қозғалыстың сипатына, орындалу тетіктеріне (Ньютонның бірінші заңы) және оның өзгеру (бұзылу) жағдайларына (Ньютонның екінші заңы) жеткілікті дәрежеде теориялық талдаулар жасалынбай қалып жатады. Аталған қозғалыс механикалық орын ауыстырулардың ішіндегі ең қарапайымы болғандықтан көбіне оның анықтамасы ғана беріліп, теңдеуі мен графигі арқылы сипатталып, бірнеше мысалдар келтірумен шектелудеміз. Бұл мақалада бірқалыпты қозғалыстың математикалық құрылымы, оның сақталуы мен бұзылу жағдайларының жүйеленген математикалық негіздемесі ұсынылады. Қозғалыстың теориялық құрылымын жасау үшін ең алдымен оның математикалық алғышарттарын белгілеп алу қажет. Бірқалыпты түзу сызықты қозғалыстың математикалық түптамасы–арифметикалық прогрессия, ал оның табиғаты–сызықтық функция. Қозғалысқа осы тұрғыда қарау оның құрылымдық сипатын, орындалуы мен бұзылу заңдылықтарын (Ньютон заңдарын) жүйелі, әрі бірізділік-тұтастық қағидасында түсінуді жеңілдетеді.

### **Әдебиеттерге шолу**

Механикалық қозғалысты математикалық заңдылықтар тұрғысынан сипаттама жасағандардың алғашқысы–И. Ньютон [1]. Ол арифметикалық амалдарды, сандардың арифметикалық және геометриялық прогрессияларын, дифференциалдау мен интегралдауды жетілдіре отырып механикалық қозғалыстың тұтас бір теориясын жасап шықты. Ол 1680–1687 жылдары аспан денелерінің қозғалысы мен тартылысқа қатысты оптикалық есептерді шығарудан математикалық физика есептері деп аталып кеткен механикалық есептерге түбегейлі ауысты десек болады [2]. Бұл есептердің модельін (құрылымын), мазмұны мен нәтижелерін «Табиғи философияның математикалық бастамалары» атты 3-томдық кітабында жариялап, осы арқылы классикалық механиканың негізін жасады. Аталған кітаптарды физиканың математикалық негіздемесі деуге болады. Кітаптың 1-ші томында механикалық қозғалыстың кинематикалық және динамикалық теориялары ұсынылып, олардың негізгі деген тұжырымдамалары мен қорытындыларын теңдеулер (немесе формулалар) түрінде бекітті (заңдастырды). Басқаша айтқанда, И. Ньютон көптеген математикалық заңдылықтардың өмірдегі (табиғаттағы немесе тіршіліктегі) қолданылу аясын және осы заңдылықтардың практикалық маңызын айқындап берді.

Дененің механикалық қозғалысы деп оның кеңістіктегі орындарына жауапты координаталардың (оң, теріс сандардың) белгілі бір  $t$  секунд уақыт ішінде (аралығында) өзгеруін айтады. Қозғалыстың өту ортасы ретінде ОХУ жазықтығын немесе ОХ осьін алуға болады. Қозғалыс уақыты секундомер арқылы өлшенеді: дененің  $t = 0$  мезетіндегі бастапқы (алғашқы) координатасы мен оның  $t$  секундтан кейінгі координатасының айырымына тең болатын аралықты (қашықтықты, бағытталған кесіндіні) орын ауыстыру қашықтығы немесе механикалық қозғалыстың шамасы деп қарау керек. Қозғалыс кезіндегі көршілес координаталардың арасы дененің қозғалыс қадамдары деп аталып  $S$  арқылы белгіленеді (ағылшынның Step–қадам (шаг) сөзі). Дененің 1 с ішіндегі қадамын координаталардың өзгеру жылдамдығы деп түсіну керек. Олай болса, дененің механикалық қозғалысын қарастыру деп оның кез-келген уақыт мезетіне сәйкес келетін координатасы мен координаталардың осы

уақыт ішіндегі өзгеру жылдамдығын анықтауды айтады. Қозғалыс кезінде дененің координаталары сәт (секунд) сайын бірқалыпты (бірдей шамаға) өзгеріп (артып, кеміп) отырса, онда дене қозғалысының бұл түрі *жылдамдығы тұрақты* немесе *бірқалыпты түзу сызықты қозғалыс* деп аталады.

### Зерттеу әдіснамасы

Мақаланың негізгі материалы–қозғалыстардың кинематикалық және динамикалық теориялары, ал зерттеу әдістері ретінде механикалық шамалар арасындағы пропорциялық тәуелділік пен арифметикалық прогрессия заңдылықтары алынды. Осылайша кинематикалық және динамикалық теориялардың негізгі тұжырымдамалары басқа қырынан қарастырылып, олардың иеялық мазмұны математикалық аппарат арқала негізделді. Кинематика мен динамика арасындағы тұтастық концепциясы белгіленіп, математикалық бірізділік қағидасы бойынша жүйелі заңдылықтар арқылы нақтыланды. Бірқалыпты қозғалыстан бірқалыпсыз қозғалысқа ауысу жағдайларының математикалық негіздемесін жасау – мақаланың басты мақсаты. Ол үшін бірқалыпты өзгеру заңдылығы болып табылатын арифметикалық прогрессия немесе сызықтық функция тәуелділігі негізгі математикалық аппарат ретінде қолданылады. Бір шаманың қалыптылық күйінің бұзылуы өзгермей тұрған екінші бір шаманың бірқалыпты өзгерісіне алып келеді деген идея төңірегінде құрылған механикалық модель бойынша қойылған мақсат ісек асырылады.

### Зерттеу нәтижелері

*Қозғалыстың математикалық негіздемесі.* Дене координаталарының бірқалыпты өзгеру заңдылығы сандардың арифметикалық прогрессиясынан бастау алады (латынның *progressio* – алға қарай қозғалыс деген ұғымы). Прогрессия заңдылықтары дененің бірқалыпты қозғалысының ең негізгі алғышарты болып табылады. Егер  $a_1, a_2, a_3, \dots, a_n$  сандар қатарындағы (тізбегіндегі) мүшелер бір-бірінен  $\Delta a = a_2 - a_1$  (немесе  $d = a_2 - a_1$ ) шамаға айырмашылықта болса, онда сандардың осы тізбегін арифметикалық прогрессия деп айтады (прогрессия мүшелелерінің бір-бірінен айырмасы  $\Delta$  немесе  $d$  арқылы белгіленіп отыр;  $\Delta$  (дельта)–грек алфавитінің төртінші әріпі ( $\Delta\delta$ );  $d$ –ағылшынның *difference*–*айырма* деген сөзінен алынған).

Сондықтан да,  $d$ –ны прогрессия дифференциялы,  $a$ –ның туындысы ( $a'$ ) немесе прогрессияның өзгеру қадамы деп айтады. Прогрессияның көршілес мүшелердің өзара айырымы *оң* ( $d > 0$ ) немесе *теріс* мәнді ( $d < 0$ ) болуы мүмкін:  $d > 0$  болған кезде прогрессия–өспелі, ал  $d < 0$  шартындағы прогрессия–кемімелі болып табылады.  $d$ –ның шамасына (мәніне) қарап мүшелердің қаншалықты тез өсіп (немесе кеміп) жатқандығына баға бере аламыз.

Олай болса,  $d$ –ны арифметикалық прогрессия мүшелерінің *өзгеру* (*өсу немесе кему*) жылдамдығы ( $v_a$ ) десе де болады, яғни  $d = v_a$ .  $a_1, a_2, a_3, \dots, a_n$  тізбегінің кез-келген  $n$ –ші мүшесі ( $a_n$ ) мына формуламен анықталады:

$$a_n = a_1 + (n-1)d \quad n = 2, 3, 4, \dots \quad (1)$$

$$a_n = a_0 + v_a n \quad n = 1, 2, 3, \dots \quad (2)$$

Мұндағы  $a_0$  – прогрессияның  $n = 0$  мәніне сәйкес келетін ең алғашқы мүшесі ( $a_0 = a_1 - d$ ). (1)-формула  $a_1, a_2, a_3, \dots, a_n$  тізбегі үшін жазылған, ал (2)-формула  $a_0, a_1, a_2, \dots, a_n$  қатарына сәйкес келеді. (2)–түрдегі прогрессия  $v_a > 0$  шартында–өспелі, ал  $v_a < 0$  шартында–кемімелі болады.  $a_n = a_0 + v_a n$  прогрессиясы  $y = a + bx$  (немесе  $y = y_0 + bx$ ) түрдегі сызықтық функция болып табылады және керісінше, кез-келген  $y = a + bx$  ( $y = y_0 + bx$ ) түрдегі сызықтық



функцияны  $y$ -тің мәндерінің арифметикалық прогрессиясы деп айтуға болады (прогрессия мен сызықтық функция—егіз ұғымдар).

Сызықтық функциядағы бұрыштық коэффициент ролындағы  $b$  – прогрессия жағдайында  $y$ -дің өзгеру жылдамдығы болып табылады:  $b = v_y$ . «Сызықтық» сөзін тура мағынасында түсіну керек, яғни  $v_a > 0$  шартындағы  $a_n = a_0 + v_a n$  өспелі прогрессияның  $a_n = f(n)$  тәуелділік графигі жоғары бағытталған түзу (сызық) болады.

Ал  $v_a < 0$  шартындағы  $a_n = a_0 + v_a n$  кемімелі прогрессияның  $a_n = f(n)$  тәуелділік графигі төмен бағытталған түзумен (сызықпен) сипатталады. Осы келтірілген мәліметтерді негізге ала отырып  $a_n = a_0 + v_a n$  прогрессиясын түзудің теңдеуі немесе сызықтық функция деп есептеуге болады екен [3,4].

$a_0, a_1, a_2, \dots, a_n$  прогрессиясындағы барлық  $n$  мүшенің қосындысын анықтайтын формуланы жазайық ( $S$  белгісі ағылшынның Summation–қосындылау, қосынды деген сөзінің бас әріпі):

$$S_n = \frac{n}{2}(a_0 + a_n) = \frac{n}{2}[a_0 + (a_0 + nd)] = \frac{n}{2}(2a_0 + nd) = a_0 n + \frac{d}{2} n^2 \quad (3)$$

$a_0, a_1, a_2, \dots, a_n$  тізбегіндегі сандарды қандай да бір құбылысты сипаттайтын (немесе осы құбылысқа қатысы бар) физикалық шаманың мәндері деп қабылдасақ (немесе оларды осы физикалық шаманың мәндерімен алмастырсақ), онда сандардың көрсетілген прогрессиясын аталған физикалық шаманың бірқалыпты өзгерісі (бірқалыпты артуы немесе бірқалыпты кемуі) деп қарауға болады.

Ньютон  $a_0, a_1, a_2, \dots, a_n$  сандарды ОХ осының бойымен орын ауыстыратын дененің  $x_0, x_1, x_2, x_3, \dots, x_n$  координаталары деп есептей отырып дененің механикалық қозғалысына оның координаталарының уақыт бойынша өзгеруі деп баға берді (бұл жерде  $n = 1, 2, 3, \dots$  кезектестігі ретінде секундомердің (timer)  $t = 1, 2, 3, \dots$  секунд көрсетулерімен алмастырылады). Осылайша дененің бірқалыпты қозғалысын координаталардың арифметикалық прогрессия деп қарастыру (тану) мүмкіндігі пайда болды. Ньютон  $a_0, a_1, a_2, \dots, a_n$  прогрессия мүшелерін физикалық шаманың мәндерімен алмастыруды бірқалыпты қозғалып келе жатқан дененің мысалында көрсеткен, яғни прогрессияға түсуші (бірқалыпты өзгеруші) шама–өлшемі метр (м) болатын координата болса, онда оның әрбір секунд сайынға өзгерісі (дифференциялы, туындысы, өзгеріс жылдамдығы) метр/секунд (м/с) болады [5].  $a_0, a_1, a_2, \dots, a_n$  прогрессияның жылдамдығы тұрақты, яғни ол тізбектің кез-келген көршілес екі мүшесінің айырымы арқылы анықталады:

$$v_a = \frac{a_2 - a_1}{2 - 1} = a_2 - a_1$$

$$v_a = \frac{a_3 - a_2}{3 - 2} = a_3 - a_2$$

Егер  $a_2 > a_1$  болса, онда  $v_a > 0$ , сәйкес прогрессия – өспелі.

Ал егер  $a_2 < a_1$  болса, онда  $v_a < 0$ –, бұл жағдай кемімелі прогрессияға сәйкес келеді.  $n \rightarrow t$ ,  $a \rightarrow x$  алмастыруларын жасау арқылы координаталар прогрессиясының жылдамдығын (координатаның 1 с ішіндегі өзгерісін) анықтайтын теңдікті аламыз:

$$v_x = \left( \frac{\Delta x}{\Delta t} \right) \frac{M}{c} = \left( \frac{\Delta x}{1c} \right) = (\Delta x) \frac{M}{c}$$

$x_0, x_1, x_2, x_3, \dots, x_n$  прогрессияның  $x_0, x_1$  және  $x_1, x_2$  мүшелерін алсақ:

$$v_x = \left( \frac{\Delta x_1}{\Delta t} \right) = \left( \frac{x_1 - x_0}{1 - 0} \right) \frac{M}{c} = (x_1 - x_0) \frac{M}{c} \quad (3c)$$

$$v_x = \left( \frac{\Delta x_2}{\Delta t} \right) = \left( \frac{x_2 - x_1}{2 - 1} \right) \frac{M}{c} = (x_2 - x_1) \frac{M}{c}$$

Дененің әрбір  $t$ -ші секундта (әрбір  $1$  с ішіндегі) жасайтын  $S_{t-ми}$  орын ауыстырулары:

$$S_{t-ми} = \Delta x_t = x_t - x_{t-1} \quad (4)$$

$$S_{1-ми} = (x_1 - x_0)M, \quad S_{2-ми} = (x_2 - x_1)M, \quad S_{3-ми} = (x_3 - x_2)M \quad (5)$$

(5)-теңдіктерге қарап мынадай қорытынды жасауға болады: дене бірқалыпты түзу сызықты қозғалыс жасаған кезде оның әрбір  $1$  с сайынғы орын ауыстырулары [6] (көршілес координаталардың арасы) бірдей болады. (5)-теңдіктерді ескеріп (3с)-қатынастарын былай жазуға болады:

$$v_x = \frac{S_{1-ми}}{\Delta t} = \frac{S_{1-ми}}{1c} = (S_{1-ми}) \frac{M}{c}, \quad v_x = \frac{S_{2-ми}}{\Delta t} = \frac{S_{2-ми}}{1c} = (S_{2-ми}) \frac{M}{c}, \quad v_x = \frac{S_{3-ми}}{\Delta t} = \frac{S_{3-ми}}{1c} = (S_{3-ми}) \frac{M}{c}$$

осылардан

$$S_{1-ми} = v_x \cdot 1c, \quad S_{2-ми} = v_x \cdot 1c, \quad S_{3-ми} = v_x \cdot 1c$$

Бұл орын ауыстырулардың жалпы жазылу түрі:

$$S_{t-ми} = v_x \cdot 1c = v_0 \cdot 1c \quad (4A)$$

Мұндағы  $v_0 = v_x - x_0, x_1, x_2, x_3, \dots, x_n$  – координата прогрессиясының өзгеру жылдамдығы. (4) және (4A) теңдіктерінен дененің кез-келген  $t$  секундтан кейінгі  $x_t$  координатасын анықтауға болады:

$$x_t = x_{t-1} + S_{t-ми} = x_{t-1} + v_0 \cdot 1c \quad (6)$$

$t = 1, 2, 3, \dots$  болған жағдайлар үшін:

$$\begin{aligned} x_1 &= x_{1-1} + v_0 \cdot 1c = x_0 + v_0 \cdot 1c \\ x_2 &= x_{2-1} + v_0 \cdot 1c = x_1 + v_0 \cdot 1c = (x_0 + v_0 \cdot 1c) + v_0 \cdot 1c = x_0 + v_0 \cdot 2c \\ x_3 &= x_{3-1} + v_0 \cdot 1c = x_2 + v_0 \cdot 1c = (x_0 + v_0 \cdot 2c) + v_0 \cdot 1c = x_0 + v_0 \cdot 3c \end{aligned}$$

Осы жазылған өрнектерге қарап отырып бірқалыпты қозғалып келе жатқан дененің кез-келген  $t$  секундтан кейінгі  $x_t$  координатасын анықтайтын өрнектің жалпы түрі төмендегідей болатынын аңғару қиын емес:

$$x_t = x_0 + v_0 t, \quad t = 1, 2, 3, \dots \text{сек} \quad (7)$$

Бұл теңдеуде ( $v_0 t$ )-дененің  $t$  секундта жасаған орын ауыстыруы:  $\Delta x_t = S_t = v_0 t$ . (7)-теңдеу  $a_0, a_1, a_2, \dots, a_n$  прогрессиясының (сандар қатарының) кез-келген  $n$ -ші мүшесін ( $a_n$ ) анықтайтын  $a_n = a_0 + v_a n$  түрдегі (2)-теңдік секілді, олай болса бірқалыпты қозғалыстағы дененің координаталары арифметикалық прогрессия заңдылығы бойынша өзгереді деп есептеу керек (бірқалыпты сөзі арифметикалық прогрессияның синонимі).  $a_n = a_0 + v_a n$  прогрессиясына  $n \rightarrow t, a \rightarrow x, v_x = x'$  алмастыруларын жасайық. Нәтижеде (7)-теңдік мынадай түрге келеді:

$$x_t = x_0 + x' t \quad (7A)$$

Дененің  $t$  уақыт ішіндегі жасайтын  $S_t$  орын ауыстыруы (жүрген жолы немесе траекториясының ұзындығы) әрбір  $t$ -ші секундта (1 с сайын) жасайтын  $S_{t-iii}$  орын ауыстырулардың қосындысына тең ( $\Sigma$ —қосындылау белгісі):

$$\begin{aligned} S_t = \Sigma S_{t-iii} &= S_{1-iii} + S_{2-iii} + S_{3-iii} + \dots = v_0 \cdot 1c + v_0 \cdot 1c + v_0 \cdot 1c + \dots = \\ &= v_0 (1c + 1c + 1c + \dots) = v_0 t \end{aligned} \quad (8)$$

(8)-теңдікті ескере отырып (7)-ні былай жазуға болады:

$$x_t = x_0 + S_t \quad (7B)$$

(7), (7A) және (7B)-түрдегі теңдіктер дененің бірқалыпты түзу сызықты қозғалысының теңдеулері деп айтылып жүр. Ал, шын мәнісінде оларға дене координаталарының арифметикалық прогрессиясы деп қарау керек.

Бірқалыпты қозғалыстағы дененің координаталарының (7)-түрдегі прогрессиясы  $y = a + bx$  (немесе  $y = y_0 + bx$ ) түрдегі сызықтық функция болып табылады ( $b$ —прогрессия жылдамдығы, яғни  $b = v_0$ ).

«Сызықтық» деген сөзді тура мағынасында түсіну керек, яғни  $v_0 > 0$  шартындағы  $x_t = x_0 + v_0 t$  өспелі прогрессияның  $x_t = f(t)$  тәуелділік графигі жоғары бағытталған түзу, ал  $v_0 < 0$  шартындағы  $x_t = x_0 + v_0 t$  кемімелі прогрессияның  $x_t = f(t)$  тәуелділік графигі төмен бағытталған түзумен сипатталады. Осы келтірілген мәліметтерді негізге ала отырып  $x_t = x_0 + v_0 t$  прогрессиясын түзудің теңдеуі немесе сызықтық функция деп қарауымызға әбден болады.

*Бірқалыпты қозғалыстың орындалу және бұзылу заңдылықтары.*

Кинематикалық теорияда дененің массасы ескерілмейді, денені материялық нүкте деп қарастырамыз деген тұжырым бар. Ол кинематикалық теорияда механикалық қозғалыстың жалпы сипаты ғана берілуіне және қозғалыс теңдеулеріне массаның енбеуіне байланысты айтылған болар. Дененің белгілі бір ортада бірқалапты түзу сызықты қозғалыс жасау шарттары Ньютонның 1-ші заңында баяндалатыны белгілі және оның қолданыстағы нұсқасына назар аударайық: *егер денеге басқа денелер әрекет етпесе немесе олардың әрекеті теңгерілген болса, онда дене не тыныштықтағы күйін сақтайды, не түзусызықты және бірқалыпты қозғалысын жалғастырады*. Иә, мұнда дене координаталарының бірқалыпты өзгеруі, осы өзгеріске ортадағы басқа да (сыртқы) денелердің тигізетін әсері және оларға қойылатын шарттар жөнінде айтылған, бірақ дененің массасы туралы сөз қозғалмаған. Байқап отырсақ, дене өзінің бірқалыпты қозғалысын сақтап қалуы үшін сыртқы денелердің әсері жоқ немесе олар өзара теңгерілген болуы қажет екен [7–9].

Алайда, сыртқы әсерлер өзара теңгерілмесе де дененің бірқалыптылық қозғалысын сақтап қалуға болатындығы айтылмаған. Осы жағдайлардың барлығын қамту үшін Ньютонның бірінші заңын мынадай нұсқаларға бөліп көрсеткен дұрыс.

*Бірқалыпты түзу сызықты қозғалыстағы денеге маңайындағы басқа (сыртқы) денелер тарапынан жасалатын әсерлер ...*

1) *мардымсыз (аз) немесе мүлдем жоқ болса, онда кез-келген массалы дене өзінің байырғы қозғалыс күйінде қала береді;*

2) *едәуір елеулі болғанымен, олар өзара теңгерілсе (жойылса немесе компенсацияланса), онда кез-келген массадағы дене өзінің алғашқы қозғалыс қалпын өзгертпейді;*

3) *өзара теңгерілмесе (жойылмаса немесе компенсацияланбаса), онда тек инертті (массасы едәуір үлкен) денелер ғана өзінің бастапқы қозғалыс сипатын (қалпын) сақтап қалады.*

Бұл нұсқалардың алғашқы екеуі бірінші заңның қолданыстағы нұсқасымен сәйкес келеді, тек денелердің массасына шектеу қойылмайтыны нақты көрсетілген. Кинематикада денелердің массасы ескерілмейді деген тұжырым осы жағдаймен байланысты болса керек. Масса ескерілмейді екен деп ол туралы айтпай кететін болсақ, онда үшінші нұсқада массасы үлкен денелер ғана сыртқы әсерлерге қарсылық көрсете отырып өзінің бірқалыпты қозғалыс күйлерін сақтап қалуға қабілетті екендігі келтірілген.

Сондақтан, бірқалыпты түзу сызықты қозғалыстардың орындалу жағдайларының қай-қайсысын қарастырсақ та дене массасына қойылатын талаптардың қатар жүргені дұрыс. Ньютонның бірінші заңының біз ұсынып отырған үшінші нұсқасының қолданылып жүрген нұсқада болмау себебі мынада: сыртқы әсерлер өзара теңгерілмеген болса, онда дененің бірқалыпты қозғалысы үдемелі қозғалысқа ұласады деп Ньютонның екінші заңы басталып кетіуде. Дене массасын ескермеу қағидасы осындай жағдайлардың орындалуына себепші болып отыр. Керісінше, теңгерілмеген әсерлер жағдайында дененің бірқалыпты күйін сақтап қалуға бірден-бір атсалысатын шама–масса екендігіне мән берілмей келеді. Дененің алғашқы екі нұсқадағы қозғалысы инерциялық қозғалыс болғандықтан Ньютонның 1-ші заңы инерция заңы деп айтылады. Ал үшінші нұсқадағы массасы едәуір үлкен дене өзінің бірқалыпты қозғалысын сыртқы әсерлерге қарсылық көрсете отырып сақтап қалуын инерттілік деп атайды [9]. Ал дененің массасы–оның инерттілігінің өлшемі, олай болса Ньютонның бірінші заңының қолданыста жүрген тұжырымдамасында денелердің инерттілік қасиеті ескерілмей қалған, яғни инертті денелер ғана сыртқы теңгерілмеген әсерлердің ықпалына қарамастан өзінің бастапқы механикалық күйлерін сақтап қалатыны назардан тыс қалып қойған. Ал біз ұсынып отырған нұсқаларда бұл мәселе ескерілген. Сыртқы әсерлердің мақсаты–дененің бірқалыпты түзу сызықты қозғалысын бұзу (өзгерту). Бірқалыптылықтың бұзылу немесе өзгеру ауқымы үдеу ( $a$ ) деп аталатын шама арқылы беріледі (ағылшынның *acceleration*–үдеу деген сөзінен алынған). Ньютонның 1-ші заңының үш нұсқасында да дененің бірқалыпты қозғалыс күйі сақталады (бұзылмайды), олай болса қозғалыстың осы түрі үшін  $a = 0$ , дене координаталары прогрессия заңына бағынады, прогрессия жылдамдығы тұрақты ( $v_x = const$ ).

Егер инертсіз (массасы аз) дене өзара теңгерілмейтін сыртқы әсерлердің ықпалында қозғалатын болса, онда 1-ші заңның үшінші нұсқасы төменде келтірілген 2-ші заңға ауысады: *өзара теңгерілмеген сыртқы әсерлер инертсіз (массасы аз) денеге және оның бірқалыпты қозғалысына үдеу береді.*

Бұл заңды дененің бірқалыпты қозғалысының бұзылуы (өзгеруі) туралы деп қабылдау керек. Халықаралық стандарт (SI) бойынша сыртқы әсерлердің шамасын (сандық мәнін)  $F$  Н (Ньютон) деп белгілеу бекітілген (ағылшынның *Force*–күш деген сөзінен алынған).  $F$  Н–әсердің сандық бағасы, мысалы  $F = 3$  Н секілді. Ал, күш сөзін әсердің күші (шамасы, сандық мәні) деген мағынада қолдануымыз қажет. Көп жағдайда денеге күш әсер етеді деп айту әдетке айналған, бұл – орынсыз.

Қозғалыстағы денеге күш емес маңайындағы басқа денелер тарапынан әсерлер жасалынады, ал осы әсерлердің сандық бағасы (шамасы, күші)  $F = 3\text{ Н}, 5\text{ Н т.с.с}$  белгіленеді.

Бірқалыпты қозғалыстағы массасы  $m$  кг дененің маңайында көптеген сыртқы (басқа да) денелер бар болып, олардың кейбірі қозғалыста, ал қалғандары тыныштықта болуы мүмкін. Біз осындай денелердің ішінен екі денені ғана бірқалыпты қозғалысқа әсерін тигізушілер ретінде таңдап алайық. Мұндай таңдау сыртқы әсерлердің қозғалысқа тигізетін ықпалын есептеуді едәуір жеңілдетеді. Таңдап алынған екі дененің әрқайсысының әсерлерінің мәні (күші, шамасы)  $F_1\text{ Н}, F_2\text{ Н}$  болсын. Екі әсер бірқалыпты қозғалыстағы денеге бірізгілікте жасалатын болғандықтан, олардың қосынды (латынша *summarum*–қорытқы, жиынтық, нәтижелік) мәні есептеледі:

$$F_s = \sqrt{F_1^2 + F_2^2 + 2F_1F_2 \cos \alpha} \quad (9)$$

Бұл өрнектегі  $\cos \alpha$ –шамалары  $F_1\text{ Н}, F_2\text{ Н}$  болатын әсерлердің арасындағы бұрыш. Қорытқы  $F_s\text{ Н}$  әсердің қозғалысқа беретін үдеуі

$$a = \frac{F_s}{m} \quad (10)$$

Бұл қатынас Ньютонның 2-ші заңының математикалық көрінісі (формасы) болып табылады. Ньютонның 1-ші заңының 1-ші нұсқасында бірқалыпты қозғалып келе жатқан денеге сыртқы денелердің тигізетін әсері өте мардымсыз аз ( $F_1 \approx 0\text{ Н}, F_2 \approx 0\text{ Н}$ ) немесе мүлдем жоқ ( $F_1 = 0\text{ Н}, F_2 = 0\text{ Н}$ ) болғанда ғана дененің қозғалыс күйінің өзгермейтіндігі айтылған.

(9)-ға осы шарттарды қолдансақ:

$$F_s = \sqrt{0^2 + 0^2 + 2 \cdot 0 \cdot 0 \cos \alpha} = 0\text{ Н}$$

Ал денеге берілетін үдеуі

$$a = \frac{F_s}{m} = \frac{0}{m} = 0$$

1-ші заңның 2-ші нұсқасында сыртқы денелердің тигізетін әсері едәуір елеулі ( $F_1 \neq 0\text{ Н}, F_2 \neq 0\text{ Н}$ ) болғанымен олар өзара теңгерілгенде (жойылғанда немесе компенсацияланғанда) ғана дене өзінің бірқалыпты қозғалысын сақтап қалады делінген.

Әсерлердің теңгерілуі деп олардың шама жағынан бірдей ( $F_1 = F_2 = F\text{ Н}$ , мысалы  $F_1 = F_2 = 5\text{ Н}$ ), ал бағыттарының қарама-қарсы ( $\alpha = 180^\circ$ ) болуын айтады.

Олай болса, (9)-тендіктен:

$$\begin{aligned} F_s &= \sqrt{F_1^2 + F_2^2 + 2F_1F_2 \cos \alpha} = |F_1 = F_2 = F\text{ Н}| = \sqrt{F^2 + F^2 + 2FF \cos 180^\circ} = \\ &= |\cos 180^\circ = -1| = \sqrt{2F^2 - 2F^2} = 0\text{ Н} \end{aligned}$$

Ал дененің үдеуі

$$a = \frac{F_s}{m} = \frac{0}{m} = 0$$

Олай болса, Ньютонның 1-ші заңының алғашқы екі нұсқасын өзара эквивалент (ұқсас, бір түсініктегі, бір ұғымдағы) нұсқалар деп қабылдауға болады, себебі дененің теңгерілген

әсерлердің ықпалындағы қозғалысы мен ешқандай да әсер жасалынбаған жағдайдағы қозғалысының арасында айырмашылық жоқ. Екі жағдайда да дененің бірқалыпты түзу сызықты қозғалысы өзгермейді (бұзылмайды немесе қозғалысқа үдеу берілмейді) [10–12].

1-ші заңның үшінші нұсқасында дене өзара теңгерілмеген ( $F_1 \neq F_2$ ) әсерлерлердің ықпалында қозғалатын болса, онда (9)-теңдінен  $F_s \neq 0$  Н ( $F_s > 0$  – оң шама немесе  $F_s < 0$  – теріс шама) болуы мүмкін). Бұл жағдайлар  $F_1, F_2$  әсерлердің арасындағы бұрышқа байланысты: егер бұл әсерлер бір бағытта жасалса ( $\alpha = 0$ ), онда (9)-теңдіктен

$$F_s = \sqrt{F_1^2 + F_2^2 + 2F_1F_2} = \sqrt{(F_1 + F_2)^2} = F_1 + F_2 > 0$$

$F_s > 0$  әсер дененің қозғалыс бағытында жасалып, қозғалысқа оң үдеу береді:

[14] Бурнашев Р. Ф. и др. Технология процесса обучения как процедура совместной деятельности преподавателя и студента //Science and Education, 2022, Т. 3, №. 2. с. 1384-1391.

[15] Tadjibaeva A., Tashlanova N. The collaborative approach in content and language learning //Теория и практика современной науки. – 2020. – №. 6 (60). – С. 31-34.

[16] Қадырқұлов Р.А., Гаипбаева У.А. Информатика. Әдістемелік нұсқау: Жаратылыстану-математика бағытындағы жалпы білім беретін мектептің 10-сынып мұғалімдеріне арналған. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2019. – 168 б.

[17] «Wordwall» веб-қосымша [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу режимі: <https://wordwall.net/>.

[18] «flippity-net» веб-қосымша [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу режимі: <https://nitforyou.com/flippity-net/>.

[19] «LearningApps.org» веб-қосымша [Электрондық ресурс]. Қол жеткізу режимі: <https://learningapps.org/>



References

- [1] Memleket basshysy tamyz konferenciyasyna qatysty. Қазақстан Respublikasy Prezidentiniң resmi sajty [The head of state attended the August conference. Official site of the President of the Republic of Kazakhstan]. URL: [https://www.akorda.kz/kz/events/astana\\_kazakhstan/participation\\_in\\_events/memleket-basshysy-tamyz-konferenciyasyna-katysty](https://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/memleket-basshysy-tamyz-konferenciyasyna-katysty) (In Kazakh)
- [2] Muhametdinov D. F. (2018) Vzaimodejstvie prepodavatelja i uchasshihhsja na uroke informatiki kak osnova jeffektivnogo obuchenija [Interaction between the teacher and students in the informatics lesson as the basis for effective learning]. XX Vserossijskaja studencheskaja nauchno-prakticheskaja konferenciya Nizhnevartovskogo gosudarstvennogo universiteta, 85-89. (In Russian)
- [3] Rahimov Z. T. (2019) Jeffektivnost' ispol'zovaniya tehnologii sovmestnogo obuchenija v obrazovatel'nom processe [Efficiency of using collaborative learning technology in the educational process]. Vestnik nauki i obrazovaniya, №. 4-1 (58), 50-54. (In Russian)
- [4] Veldman M. A., Kostons D. (2019) Cooperative and collaborative learning: considering four dimensions of learning groups //Pedagogische Studien, T. 96, №. 2.
- [5] Pronenko E.A., Cahilova K.O., Agasijan A.A. (2020) Tehnologija sovmestnogo obuchenija kak realizaciya sovmestnoj myslitel'noj dejatel'nosti: smyslovyje aspekty [Collaborative learning technology as a realization of joint mental activity: semantic aspects]. Mir nauki. Pedagogika i psihologija, №2. DOI: 10.15862/59PSMN220. (In Russian)
- [6] de Hei M. et al. (2019) Developing intercultural competence through collaborative learning in international higher education //Journal of Studies in International Education, T. 24, №. 2, 190-211. DOI: <https://doi.org/10.1177/1028315319826226>.
- [7] Børbekova F.B., Zhanatbekova N.Zh. (2014) Қазирgi zamanzy pedagogikalық tehnologijalar [Modern pedagogical technologies]. Almaty, 11–16. (In Kazakh)
- [8] Lee W. W. S., Yang M. (2023) Effective collaborative learning from Chinese students' perspective: a qualitative study in a teacher-training course //Teaching in Higher Education, T. 28, №. 2, 221-237.
- [9] Makransky G., Petersen G. B. (2023) The theory of immersive collaborative learning (TICOL) //Educational Psychology Review. T. 35. №. 4. 103. DOI: <https://doi.org/10.1007/s10648-023-09822-5>
- [10] Musamedova K. A., Halikov A. A. (2020) O metode sovmestnogo obuchenija v obrazovatel'nom processe [About the method of joint learning in the educational process] universum: Psihologija i obrazovanie, №. 6 (72), 8-10. (In Russian)
- [11] Serik M., Georgi Dimirovski, Nұrym N. (2023). Robototehnikany birlesip oқыtu procesinde oқushylardyң esep-teu ojlauyn қалыптастыру [Formation of computational thinking of students in the process of joint teaching of robotics]. Abaj atyndaғы ҚазҰПУ Хабарshysy «Fizika-matematika ғылымдары» serijasy. №1(81), 257–264. DOI: <https://doi.org/10.51889/2959-5894.2023.81.1.029>. (In Kazakh)
- [12] Chowdhury, Takad Ahmed. (2021) “Fostering Learner Autonomy through Cooperative and Collaborative Learning.” Shanlax International Journal of Education, vol. 10, no. 1, 2021, 89–95. DOI: <https://doi.org/10.34293/education.v10i1.4347>
- [13] MacLeod J., Yang H. H. (2018) Intercultural computer-supported collaborative learning: Theory and practice //Digital technologies and instructional design for personalized learning. IGI Global, pp. 80-97.
- [14] Burnashev R. F. i dr. (2022) Tehnologija processa obuchenija kak procedura sovmestnoj dejatel'nosti prepodavatelja i studenta [Technology of the learning process as a procedure for the joint activity of a teacher and a student]. Science and Education, T. 3, №. 2, 1384-1391. (In Russian)
- [15] Tadjibaeva A., Tashlanova N. (2020). The collaborative approach in content and language learning //Teorija i praktika sovremennoj nauki. №. 6 (60). – S. 31-34.
- [16] Kadyrkulov R.A., Gaipbaeva U.A., (2019) Informatika. Әdistemelik нұсқау: Zharatylystanu-matematika бағытындағы zhalpy bilim беретin mekteptiң 10-synyp мұғалimдерine арналған [Computer science. Methodological instruction: for teachers of the 10th grade of a general education school in the field of science and mathematics]. Almaty: Almatykitap baspasy. 168. (In Kazakh)
- [17] «Wordwall» veb-qosımsha [Élektrondıq reswrws]. – Qol jetkizw rejimi: <https://wordwall.net/>.
- [18] «flippity-net» veb-qosımsha [Élektrondıq reswrws]. Qol jetkizw rejimi: <https://nitforyou.com/flippity-net/>.
- [19] «LearningApps.org» veb-qosımsha [Élektrondıq reswrws]. – Qol jetkizw rejimi: <https://learningapps.org/>

**П.Ш. Сабырханова<sup>1\*</sup>, Н.К. Аширбаев<sup>1</sup>, Т.М. Мырзабеков<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан

\*e-mail: sabyrkhanova@mail.ru

## **БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ ДАЙЫНДЫҒЫН ТАЛДАУ ӘДІСТЕРІ**

### *Аңдатпа*

Мақала жоғары оқу орындарының студенттерінің математикалық анализ курсына, атап айтқанда, функцияның дифференциалдық және интегралдық есептеулерін және оны оқытуда инновациялық цифрлық шешімдерді қолдануға дайындық деңгейін зерттеуге арналған. Жұмыста 4 курс студенттері (М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті, Ө.Жанибеков атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті) арасында, Google Forms арқылы жүргізілген тәуелсіз сауалнама арқылы студенттердің алдын ала білім деңгейі және олардың оқытудың жаңа инновациялық әдістеріне көзқарасы бағаланды. Авторлар оқу процесінде цифрлық шешімдер қабылдауға байланысты негізгі трендтер мен мәселелерді бөліп көрсете отырып, алынған деректерді талдайды. Математикалық анализды оқытуда инновациялық тәсілдердің практикалық қолданылуын көрсететін есептің мысалын ұсынуға ерекше назар аударылады. Зерттеу нәтижелері оқытудың инновациялық әдістерін математикалық анализды зерттеу процесіне сәтті бейімдеу және біріктіру үшін қажетті әрекеттерді анықтауға мүмкіндік береді. Мақала қорытындысында инновациялық технологиялардың білім беру процесіне сәтті интеграциялануын қамтамасыз ету үшін олардың цифрлық құзыреттілігін дамытуды ескере отырып, болашақ математика мұғалімдерін даярлау бойынша білім беру бағдарламаларын жақсарту бойынша ұсыныстар ұсынылады.

*Түйін сөздер:* зерттеу, сауалнама, математикалық білім, жоғары білім, математикалық талдау.

**П.Ш. Сабырханова<sup>1</sup>, Н.К. Аширбаев,<sup>1</sup> Т.М. Мырзабеков<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Южно-Казахстанский университет имени М. Ауезова, г. Шымкент, Казахстан

<sup>2</sup>Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова,  
г. Шымкент, Казахстан

## **МЕТОДЫ АНАЛИЗА ГОТОВНОСТИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ МАТЕМАТИКИ К ИНТЕГРАЦИИ В ЦИФРОВОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС**

### *Аннотация*

Статья посвящена изучению уровня подготовки, студентов высших учебных заведений, к использованию инновационных цифровых решений при изучении курса математического анализа, в частности, дифференциального и интегрального исчисления функции. В работе оценивался уровень предварительных знаний студентов 4 курса (Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет имени О.Жанибекова), а также их подход к новым инновационным методам обучения посредством независимого опроса, проведенного через Google Forms. Авторы анализируют полученные данные, выделяя основные тенденции и проблемы, связанные с принятием цифровых решений в процессе обучения. Особое внимание уделяется представлению примера задачи, отражающей практическое применение инновационных подходов в обучении математическому анализу. Результаты исследования позволяют определить действия, необходимые для успешной адаптации и интеграции в процесс изучения математического анализа, инновационных цифровых решений и методов обучения. В заключении статьи предлагаются предложения по улучшению образовательных программ по подготовке будущих учителей математики с учетом развития их цифровой компетентности для обеспечения успешной интеграции инновационных технологий в образовательный процесс.

*Ключевые слова:* исследование, опрос, математическое образование, высшее образование, математический анализ

P. Sabyrkhanova<sup>1</sup>, N. Ashirbayev<sup>1</sup>, T. Myrzabekov<sup>2</sup>

<sup>1</sup>M. Auezov South-Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

<sup>2</sup>O. Zhanibekov South-Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

## METHODS FOR ANALYZING THE READINESS OF FUTURE MATHEMATICS TEACHERS TO INTEGRATE INTO THE DIGITAL EDUCATIONAL PROCESS

### *Abstract*

The article is devoted to the study of the level of preparation of students of higher educational institutions for the use of innovative digital solutions when studying the course of mathematical analysis, in particular, differential and integral calculus of a function. The work assessed the level of preliminary knowledge of 4th year students (M. Auezov South Kazakhstan University, O. Zhanibekov South Kazakhstan State Pedagogical University), as well as their approach to new innovative teaching methods through an independent survey conducted through Google Forms. The authors analyze the data obtained, highlighting the main trends and problems associated with digital decision-making in the learning process. Special attention is paid to the presentation of an example of a problem reflecting the practical application of innovative approaches in teaching mathematical analysis. The results of the study allow us to determine the actions necessary for successful adaptation and integration into the process of studying mathematical analysis, innovative digital solutions and teaching methods. In conclusion, the article offers suggestions for improving educational programs for the training of future mathematics teachers, taking into account the development of their digital competence to ensure the successful integration of innovative technologies into the educational process.

**Keywords:** research, survey, mathematical education, higher education, mathematical analysis

### **Кіріспе**

Есептерді шешу жүйесін қолдана отырып, болашақ математика мұғалімдерінің зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру қазіргі білім берудің негізгі аспектісі болып табылады. Бұл әдіс математикалық ұғымдар мен процестерді белсенді, тәуелсіз және терең түсінуге бағытталған. Проблемалық-ізденіс тапсырмаларының жүйесі математикалық бағыттағы студенттерге тек оқуға ғана емес, сонымен қатар оқуды үйренуге де мүмкіндік беретіндігін атап өту маңызды. Бұл пәнге деген қызығушылықты оятады, математиканы қол жетімді және қолданбалы етеді. Студенттер күрделі мәселелерді шеше отырып, талдау, логикалық ойлау және шешім табу дағдыларын дамытады. Бұл әдіс қарым-қатынас және ынтымақтастық дағдыларын дамытуға ықпал етеді, өйткені тапсырмалар жиі талқылауды және бірлескен шешімдерді қажет етеді. Осылайша оқу арқылы студенттер тек математиканың білгірі ғана емес, сонымен қатар болашақ ұрпақтың балаларын тиімді оқытуға қабілетті тамаша мұғалім болуға дайындалуда. Болашақ математика мұғалімдерін оқыту контекстіндегі проблемалық-ізденіс тапсырмаларының жүйесі математикалық білімді тереңірек және орнықты игеруге, сонымен қатар студенттерге де, болашақ мұғалімдерге де қажетті негізгі дағдыларды дамытуға ықпал ететін инновациялық және көп қырлы тәсілді қамтиды.

Қазіргі қоғамда цифрлық технологиялар біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналуға және білім беру мекемелері оларды оқу процесіне белсенді түрде енгізуде. Технологияны қолдану оқытудың әртүрлі аспектілерін қамтиды: әкімшілік тапсырмаларды шешуден бастап үй тапсырмаларын онлайн форматта орындауға дейін. Білім беру технологиялары саласы немесе EdTECH нарығы - оқыту мен білім беру процестерін жақсарту үшін инновациялық технологиялар қолданылатын белсенді дамып келе жатқан сегмент. Құбылыстың ауқымын EdTECH білім беру цифрлық технологияларының дамуы дәлел, 2025 жылға қарай Дүниежүзілік экономикалық форумның бағалауы бойынша ол 342 миллиард АҚШ долларына жетеді деп хабарлайды. Өткен жылы тек бір Coursera платформасында 100 миллион тыңдаушы онлайн оқыды. Бұл тақырыптың өзектілігін айқындайды. Біз, осы жағдайды ЖОО-дардағы білім саласына әсері мен дайындығын зерделейміз. Оқыту мен тәрбиенің мақсаттарына, әдістеріне, құралдары мен мазмұнына инновацияларды енгізу бойынша проблемалар көптеген ғалым-педагогтар, әдіскерлер мен теоретиктердің еңбектерінде сараланған (Hillmayr, D., Abrahamson, D., 2020). Атап айтқанда, болашақ

мұғалімдерді цифирлық технологияларды оқыту мен тәрбиелеу кезінде қолдану, әрі даярлау саласы, алдыңғы проблемалардың бірі болып тұр (Bakker, A., Cai, J., Zenger, L., 2021). Болашақ математика мұғалімдерді даярлауда рөлдік ойындар және оқыту бейнероликтері көмегімен жүзеге асырсу бойынша сұрақтарды Abrahamson, D. зерттеді.

Сонымен қатар, қазіргі психологиялық-педагогикалық ғылым кәсіби педагогикалық білім беру жүйесін жетілдірудің негізгі аспектілерін белсенді түрде зерттейді. Елімізде, бұл мәселе Абылкасымова А., Нурмухамедова Ж.М., Джабатырова Б.К., Даурова М.Ш., Ю.К. Бабанский, Л.Н. Горбунова, А.А. Орлов, М.М. Поташник, М.Н. Скаткин, И.А. Зимняя, В.В. Сериков, А.В. Хуторский және т. б. ғалымдардың еңбектерінде белсенді түрде жариялануда.

Болашақ математика мұғалімдерінің инновациялық қызметке дайындау мәселелері теория мен практикада ерекше маңызды орын алады (Л.Н. Горбунова, В.В. Краевский, В.С. Лазарев, И.Д. Чечель және т.б.). Бұл «инновация» тұжырымдамасы инновацияны құрумен және таратумен байланысты емес, сонымен қатар болашақ математика мұғалімдерінің іс-әрекеті мен ойлау құрылымындағы өзгерістерді көрсетеді.

Теория инновациялық қызмет тұжырымдамасының мазмұнын анықтауға әртүрлі тәсілдерді ұсынады. Мысалы, К. Ангеловский, инновациялық қызметке бағытталған мұғалімнің кәсіби қалыптасу процесінде мотивациялық-құндылық құзыреттілігін дамытуға ерекше назар аудару керек дейді. Инновациялық процестің кезеңдерін анықтайтын зерттеушілер әртүрлі критерийлерге назар аударады, бұл «инновация» тұжырымдамасын түсіндірудің күрделілігімен түсіндіріледі. «Инновация» инновациялық белсенділіктің негізгі нәтижесі бола отырып, бір мағыналы семантикалық анықтамаға жауап бермейді.

Жалпы контексте жоғары оқу орындарында математикалық анализ курсы оқыту мәселелері, сондай-ақ оның инновациялық дамуы көптеген педагогтар мен ғалымдар үшін кең зерттеу тақырыбына айналууда. Олардың ішінде В.А. Далингер [1], О.В. Шабашова [2], А.В. Мерлин, Н.Т. Журавская [3] сияқты ғалымдарды атап өткен жөн. А.Н. Соколова өзінің диссертациялық жұмысында модульдік оқыту жүйесі шеңберінде математикалық анализды оқыту барысында компьютерлік экспериментті қолдануды көздейтін әдіснаманы ұсынады. Сонымен қатар, Ж.М. Нұрмухамедова өзінің «Мектепте және педагогикалық ЖОО-да математикалық анализ курсы оқытудың әдістемелік жүйесі» атты диссертациялық жұмысында математикалық талаудың мұғалімнің кәсіби дамуындағы рөлін қарастырады. А.В. Мерлин мен Н.И. Мерлиннің «Жоғары мектепте математикалық анализды оқытудың айналма және сызықтық (тура) әдістері» атты мақаласында дәстүрлі деп аталатын осы екі әдісті талқылау және салыстырмалы талдау жүргізеді. Олардың жұмысында математикалық анализды оқытудың әртүрлі тәсілдеріне тоқталып өтеді және осы пәнді оқытудың тиімді стратегияларын одан әрі дамытуға көмектеседі.

Ендігі кезекте, тақырыпты ашу барысында қажет болатын ұғымдарды анықтап, білім беру саласындағы екі түрлі, бірақ өзара байланысты ұғымдарды білдіретін "оқытудың инновациялық формалары" және "оқытудың инновациялық әдістері" ұғымдарын анықтап өтейік.

Білім беру процесін ұйымдастырудың формалары деп, білім беру мазмұнын игеру процесінің композициялық құрылымын, оқу сабақтары мен тәрбие істерін дайындау, өткізу тәсілдерін және оларды педагогикалық талдауды анықтайтын мұғалім мен білім алушылардың мақсатты, келісілген қызметін ұйымдастырудың нұсқалары деген анықтамасын қабылдайтын боламыз. Мазмұн мен форманың байланысы көп мағыналы. Мысалы, білім берудің жаңа мазмұны оны игерудің жаңа формаларын құруды анықтайды (Власенко С. В., 2014). Екі ұғымның анықтамалары мен ерекшеліктерін кестеде көрсетейк (Кесте 1).

Оқыту инновациялары жаңа формаларды да, жаңа әдістерді де қамтуы мүмкін және тиімді оқыту көбінесе оларды бөлісуді қамтитын теңдестірілген тәсілді қажет етеді [4].

Кесте 1. Педагогикалық ұғымдар анықтамасы

<p><i>Оқытудың инновациялық түрлері:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бұл білім беру процесін ұйымдастырудың жаңа тәсілдеріне, құрылымдарына қатысты.</li> <li>- Оқу бағдарламаларының құрылымындағы өзгерістерді, оқу сабақтарын ұйымдастыруды және оқушылардың білім беру ортасымен өзара әрекеттесуін қамтиды.</li> <li>- Мысалдар қашықтықтан оқытуды, жобалық жұмысты, нақты уақыттағы оқытуды және оқу процесін ұйымдастырудағы басқа өзгерістерді қамтуы мүмкін.</li> </ul>	<p><i>Оқытудың инновациялық әдістері:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бұл білім мен дағдыларды беру үшін қолданылатын жаңа әдістерге, әдістерге және стратегияларға қатысты.</li> <li>- Оқу материалдарының мазмұны қалай ұсынылатындығы мен игерілуіндегі өзгерістерге назар аударады.</li> <li>- Мысалдарға интерактивті технологияларды қолдану, белсенді оқыту әдістерін қолдану, оқу процесін геймификациялау және басқа да инновациялық оқыту әдістері кіруі мүмкін.</li> </ul>
<p><i>Олардың арасындағы айырмашылықтар:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Абстракция деңгейі: оқыту формалары неғұрлым дерексіз және ұйымдастырушылық аспектілерге қатысты, ал оқыту әдістері нақтырақ және оқыту стратегияларының өзіне бағытталған.</li> <li>- Әсер ету саласы: оқыту формалары оқу процесінің жалпы құрылымын қамтиды, ал оқыту әдістері осы құрылымдағы нақты әдістер мен тәсілдерге бағытталған.</li> </ul>	

**Зерттеу әдіснамасы**

Мақала проблемасы: инновациялық формалар мен әдістерді қолдана отырып, оқыту тәжірибесін және оқытудағы қазіргі прогресті зерттеу.

Мақала проблемасын қарастыратын етіп, міндеттерді анықтаймыз. Олар:

- математикалық анализ курсына, атап айтқанда, оны оқытуда инновациялық цифрлық шешімдерді қолдануға дайындық деңгейін, сауалнама арқылы анықтау.

- оқытудың инновациялық әдістерін математикалық анализды оқыту мен оқу процесіне сәтті бейімдеу және біріктіру үшін қажетті әрекеттерді анықтау.

- инновациялық технологиялардың білім беру процесіне сәтті интеграциялануын қамтамасыз ету үшін олардың цифрлық құзыреттілігін дамытуды ескере отырып, болашақ математика мұғалімдерін даярлау бойынша білім беру бағдарламаларын жақсарту бойынша ұсыныстар ұсыну.

С.И. Калинин, Л.В. Панкратова өз жұмыстарында университет студенттерін даярлаудың бірқатар бағыттары үшін математикалық анализ курсының вариативті компоненттерінің мазмұнын құруды және осы компоненттерді оқыту практикасына енгізу нәтижелерін жалпылауды зерттеді. Олар нәтижелерге қол жеткізді, оқытудың вариативті мазмұны вариативті білім берудің жүйелік факторы болып табылады, оны жүзеге асырудың әдістерін, құралдары мен формаларын анықтайды.

Маркова Н., Веселова А. электрондық оқытудың ролін және оны математикалық анализды зерттеу процесінде қолданудың тиімділігін анықтау туралы зерттеулер жүргізілді. Технология өмірдің барлық салаларына енетін қазіргі әлемде білім инновациядан аулақ бола алмайды. Математиканың негізгі бағыты бола отырып, математикалық анализ қазіргі білім беру технологияларының әсерінен де өзгеріске ұшырайды. Математикалық анализды оқытудың инновациялық формалары оқытудың түсінігін, мотивациясын және тиімділігін арттыруға бағытталған әдістердің кең ауқымын қамтиды.

Негізгі тенденциялардың бірі интерактивті онлайн курстарды пайдалану болып табылады. Khan Academy сияқты платформалар студенттерге интерактивті сабақтар арқылы математикалық анализді үйренуге мүмкіндік береді, мұнда визуализация мен практикалық мысалдар шешуші рөл атқарады. Мұндай курстар материалды жақсы игеруге ықпал ететін динамикалық оқу ортасын жасайды.

Тағы бір маңызды бағыт-жауап беретін платформаларды пайдалану. Brilliant.org - математикалық анализды жекелендірілген есептер мен түсініктемелер түрінде қалай ұсынуға болатынының тамаша мысалы. Бұл платформалар мазмұнды оқушының өнімділігіне қарай бейімдейді, тиімдірек және жекелендірілген оқытуды қамтамасыз етеді.

Мәселелерді шешуге арналған виртуалды орта Инновациялық білім беруде де өз орнын алады. Wolfram Alpha студенттерге математикалық өрнектерді енгізуге және қадамдық түсіндірмелермен егжей-тегжейлі шешімдер алуға мүмкіндік береді. Бұл проблемаларды шешу процесін жеңілдетіп қана қоймай, шешімнің әдіснамасы мен логикасын түсінуге көмектеседі.

Математикалық анализді оқытудағы геймификация, әсіресе жастар арасында танымал бола бастады. Prodigy Game-студенттер деңгейлерден өту және виртуалды қарсыластармен бәсекелесу үшін математикалық есептерді шешетін платформаның мысалы. Бұл оқуды ынталандырады және процесті қызықты приключенияға айналдырады.

Технологиялық құралдармен қамтамасыз етілген ұжымдық оқыту да маңызды рөл атқарады. Social типті платформалар студенттерге нақты уақыт режимінде математикалық есептерді бірлесіп шешуге мүмкіндік береді. Бұл білім алмасуға, бір-бірінен үйренуге және қоғамдастық құруға ықпал етеді, бұл тақырыпты түсінуді жақсартады.

Математикалық анализді оқытудың инновациялық формалары бойынша зерттеулер жаңа технологиялардың тиімділігін ғана емес, сонымен қатар оңтайлы оқыту үшін визуализацияны, интерактивтілікті және мазмұнды жекелендіруді біріктіру қажеттілігін көрсетеді.

Зерттеу жұмысы барысында психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді, зерттеу саласы бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, білім алушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша білімдерді меңгеру нәтижелерін талдау, математика пәні мұғалімдерінің алдыңғы қатарлы тәжірибесін зерделеу және талдау, студенттермен жүргізілген сұхбат, сауалнама нәтижелеріне талдау жасау, зерттелетін проблеманың базалық ұғымдарын айқындау мақсатында жұмыстар жүргізілді. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті және Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті студенттері арасында «Болашақ математика мұғалімдерін дайындаудағы инновациялар: дифференциалдық және интегралдық есептеулерге фокус» атты сауалнама жүргізілді. Сауалнамада 118 бітіруші курс студенттері қатысты.

Сауалнаманың мақсаты: болашақ математика мұғалімдеріне функцияның дифференциалдық және интегралдық есептеулеріне оқытудың дайындаудың инновациялық формалары мен әдістерін қолданудың туралы тиімділігі мен хабардарлық деңгейін бағалау.

Сауалнама міндеттері ретінде келесі мәселелер қойылды:

- болашақ математика мұғалімдеріне қазіргі заманғы әдістер мен технологияларды қолдана отырып, оқушыларды дифференциалдық және интегралдық есептеулерге үйрету қабілетіне деген сенімділік деңгейін анықтау.


- оқу үдерісінде инновациялық формалар мен әдістерді әдістер мен технологияларды қолдану кезінде болашақ математика мұғалімдерінің проблемалары мен қиындықтарын анықтау.

- студенттердің функцияның дифференциалдық және интегралдық есептеулеріне оқыту үшін болашақ математика мұғалімдерінің дайындығын жақсарту туралы ұсыныстарын жинау.

Сауалнамада келесі сұрақтарға жауап алынды: мектеп оқушыларын функцияның дифференциалдық және интегралдық есептеулеріне оқытуға ағымдағы дайындықты қалай бағалайсыз? (1-сурет).


Сонымен қатар, респонденттер «Функцияның дифференциалдық және интегралдық есептеуін оқытуда қандай инновациялық формалар мен әдістерді тәжірибеде қолдандыңыз?» деген сұраққа жауап беру барысында, инновациялық бағыттағы әдістерді цифрлық технологияларды озық қолдану жағдайымен бағалады (2-сурет).

Мектеп мұғалімдерінің математикалық анализ тарауларын оқуға дайындағы



Сурет 1. Болашақ мамандардың математикалық анализ тақырыптарын оқытуға дайындығы туралы пікірі

Математикалық анализ тарауын оқытуда инновациялық әдістермен құралдарды қолдану тәжірибесі




Сурет 2. Инновациялық формалар мен әдістерді қолдану бойынша сұрақтың жауаптары

Студенттер, оқыту барысында интерактивті тақталарды пайдалану инновациялық тәсілдер ретінде санамайды, атап айтқанда, тек көмекші құрал рөліне жатқызатыны байқалды.

Сауалнамада, «Дифференциалдық және интегралдық есептеуді оқытуда цифрлық технологияны қолданудың маңыздылығын қалай бағалайсыз?», «Сіздің оқу орныңыз студенттерді әдістемелік даярлауға, атап айтқанда, оқушыларды функцияның дифференциалдық және интегралдық есептеуге үйретуге жеткілікті көңіл бөле ме?» сынды сұрақтар қойылды.

Функцияның дифференциалдық және интегралдық есептеу бойынша оқытуға дайындықты дамыту мақсатында болашақ математика мұғалімдерінің оқыту жүйесінде нені өзгерту керек деп ойлайсыз? деген сұраққа, 4 курс студенттері, заманауи әдістердің қажеттілігі, орны ерекше екендігін атап көрсетті. (3-сурет).

Математикалық анализ тарауларын оқытуда инновациялық әдістер мен құралдарын тану



Сурет 3. ЖОО оқыту жүйесінде инновациялардың жолдары бойынша сұрақтың жауаптары

### Зерттеу нәтижелері

Студенттердің сауалнама сұрақтарына, жауаптарын талдау негізінде авторлар дәстүрлі дәрістерден оқытудың инновациялық әдістерін қолдануға көшу кезінде студенттердің келесі қиындықтарын анықтады. Бұл кедергілердің кейбірі мыналарды қамтиды:

- Технологиялық кедергі: барлық студенттер оқытудың инновациялық әдістерінде қолданылатын технологияларды меңгере бермейді.

Жеңу стратегиясы: технологияны қолдануға үйрету бойынша тренингтер ұйымдастыру, технологияны қолдануда қиындықтарға тап болған студенттерге қолдау көрсету.

- Тәуелсіздік: авторлар оқытудың инновациялық әдістері әдетте студенттерден көбірек тәуелсіздікті талап ететінін атап өтеді, бұл құрылымдық және бағытталған тәсілге үйренгендер үшін қиын болуы мүмкін.

Жеңу стратегиясы: өзіндік жұмыс дағдыларына үйрету, оқу үдерісіне дербестік элементтерін кезең-кезеңімен енгізу, тәлімгерлік қолдау.

- Парадигманың өзгеруі: дәстүрлі оқытуға үйренген студенттер инновациялық әдістерге көшуде қиындықтарға тап болуы мүмкін, өйткені бұл ойлау стилі мен оқу тәсілін өзгертуді қажет етеді.

Жеңу стратегиясы: жаңа тәсілдердің артықшылықтарын түсіндіру, инновациялық әдістерді біртіндеп енгізу, мұғалімдердің қолдауы мен кері байланысы.

Бұл қиындықтарды жеңудегі басты назар осы өзгерістер сайып келгенде білім сапасын жақсартуға және студенттерді тиімдірек дайындауға әкелетінін түсінуге аударылуы керек. Жүргізілген зерттеулер мен бірқатар ғылыми әдебиеттерге шолу негізінде осы ғылыми мәселені зерттеуде өзектілік пайда болады.

Зерттеу барысында, мақала авторлары, келесі қарама-қайшылықтарды анықтады: болашақ математика мұғалімдерін оқытудың дәстүрлі әдістері оқу үдерісінің маңызды компоненттері болып табылатын функцияларды дифференциалдық және интегралдық есептеулерге тиімді үйрету қабілетімен шектеледі.

Ғылыми зерттеу орындалу мақсатында болжам құрылды: болашақ математика мұғалімдерін оқытудың инновациялық формалары мен әдістерін қолдану олардың оқушыларды функцияның дифференциалдық және интегралдық есептеулеріне үйретудегі құзыреттілігін тиімді арттыра алады.

Сауалнама нәтижелерін талдау барысында, инновациялық цифрлық шешімдер мен оқыту әдістерін математикалық анализді үйрену процесіне сәтті бейімдеу және біріктіру үшін келесі әрекеттерді орындау қажеттілігі туындайтыны анықталды. Алдымен студенттер GeoGebra немесе Desmos сияқты математикаға мамандандырылған заманауи білім беру платформалары мен бағдарламаларымен танысуы керек. Бұл оларға математикалық ұғымдармен интерактивті өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін түсінуге көмектеседі. Содан кейін студенттер NumPy және



SumPy сияқты математикалық кітапханалармен бірге Python сияқты бағдарламалау тілдерін қолдана отырып, өздерінің оқу тәжірибесіне бағдарламалауды қолдана алады. Бұл оларға күрделі математикалық есептерді шешу және визуализация жасау үшін алгоритмдер құруға мүмкіндік береді. Мысалы, IXL Learning-студенттерге интерактивті және жекелендірілген оқу ресурстарын ұсынатын инновациялық білім беру платформасы. Математика, тіл және ғылым сияқты әртүрлі пәндер бойынша дағдыларды дамытуға бағытталған платформа оқытуды жеке деңгейде ұстауға тырысады. IXL Learning-тің негізгі ерекшеліктерінің бірі-жеке оқыту. Әрбір студент өзінің қазіргі шеберлік деңгейіне сәйкес келетін тапсырмаларды алады, бұл қосымша көмекке мұқтаж адамдармен де, қосымша қиындықтарды іздейтіндермен де тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Аталған платформа, сонымен қатар, орындалған тапсырмалардың нәтижелері бойынша жедел кері байланысты қамтамасыз етеді. Бұл студенттерге өз қателіктерін түсінуге және жақсартуға ұмтылуға көмектеседі. Прогресстің үздіксіз мониторингі мұғалімдер мен ата-аналарға оқушылардың жетістіктерін бақылауға және қосымша назар аударуды қажет ететін бағыттарды анықтауға мүмкіндік береді.

IXL Learning үйде өзін-өзі оқыту үшін де, білім беру мекемелерінде пайдалану үшін де танымал құралға айналуға. Оның оқытуға деген жан-жақты көзқарасы оны білімнің әртүрлі салаларында білімін кеңейтуге және тереңдетуге ұмтылатындар үшін құнды ресурс етеді.


Әрине, салыстырмалы түрде қарапайым деп саналатын біздің ұсыныстарымыз бен ұсынылған әрекеттерімізді қалыптастырушы кезеңге жатқызуға болады, өйткені сауалнама нәтижелері білім беру мен оқытуда цифрлық технологияларды меңгеру және пайдалану тақырыбы бойынша төмен нәтижелерді көрсетті.

Біз білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық формаларын, атап айтқанда Workshop-ты қолдану арқылы ұсынылатын есептерді ұсынамыз. Бұл қатысушылар топтық жұмыс процесінде (динамикалық) білім мен дағдыларды алатын оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың бір түрі. Ұйымның бұл нысаны интерактивтілік, тиімді қарым-қатынас принциптерін қарастырады. Workshop-тың инновациялық формаларына А.Г. Ряписова кіргізеді [6].

*Мысал 1.* Бұрғылау мұнарасы тас жолдың ең жақын нүктесінен 9 км қашықтықта орналасқан. Бұрғылау курьерінен курьерді аталған нүктеден 15 км қашықтықта орналасқан тас жолға бағыттау керек (тас жолды түзу деп санайды). Велосипедпен курьердің жылдамдығы 8 км / сағ, ал тас жол 10 км/сағ. Қысқа уақыт ішінде нүктеге жету үшін ол тас жолдың қай нүктесіне баруы керек?

Есепті талдау кезеңі:

Бұрғылау мұнарасы тас жолдың ең жақын нүктесінен қандай қашықтықта орналасқан? Бұрғылау мұнарасынан ең жақын нүкте және курьерді қайда жіберу керек нүкте бір-бірінен қандай қашықтықта орналасқан? Велосипед курьерінің жылдамдығы далада белгілі ме? Автомобиль жолындағы курьердің жылдамдығы белгілі ме? Қысқа уақыт ішінде қажетті нүктеге жету үшін тас жолдың қай нүктесіне бару керек екені белгілі ме? Схемалық сурет түріндегі есеп моделі.



Сурет 4. Схемалық сурет түріндегі есеп моделі

$P$  – бұрғылау мұнарасы;

$B$  – елді мекен;

$l$  – тасжолы;

$PMB$  – курьердің бағыты.

Тұрақты шамалар –  $PA$ ,  $AB$ ,  $v_{II}$ ,  $v_{III}$

Тұрақты шамалар –  $AM$ ,  $MB$ ,  $PM$ .

Зерттелетін шама - курьер қажетті нүктеге жетуі керек уақыт.

$$PA = 9\text{км}, AB = 15\text{км}, v_{II} = 8\text{км/сағ}, v_{III} = 10\text{км/сағ}.$$

Шешуі:

1.  $x$  –  $AM$  арасы,  $0 \leq x \leq 15$ ;

2.  $PAM$  тікбұрышты үшбұрышынан біз мынаны анықтаймыз:

3.  $S_1$  (елді мекен) жолы,  $v = 8\text{км/сағ}$  курьер жылдамдықпен жүреді, ал  $S_2$  (тас жол) жолы –  $v = 10\text{км/сағ}$ . жылдамдықпен.

$$4. S_1 \text{ жолы, уақыты } t_1 = \frac{\sqrt{x^2 + 81}}{8}$$

$$S_2 \text{ жолы, уақыты } t_2 = \frac{15 - x}{10}$$

$$S_1 \text{ және } S_2 \text{ жолына кеткен уақыт } t(x) = \frac{\sqrt{x^2 + 81}}{8} + \frac{15 - x}{10}$$

Функцияның туындысын табамыз:

$$t'(x) = \frac{1}{8} \times \frac{1}{2} \times \frac{1}{\sqrt{x^2 + 81}} \times 2x - \frac{1}{10} = \frac{x}{8\sqrt{x^2 + 81}} - \frac{1}{10}$$

Біз критикалық нүктелерді табамыз:

$$\frac{x}{8\sqrt{x^2 + 81}} - \frac{1}{10} = 0$$

$$5x = 4 \cdot \sqrt{x^2 + 81}$$

$$25x^2 = 16 \cdot (x^2 + 81)$$

$$9x^2 = 16 \cdot 81$$

$$x^2 = 144$$

$$x_{1,2} = \pm 12$$

Нүктелердегі функцияның мәнін табамыз:

$$t(0) = 2\frac{5}{8} \approx 2,63$$

$$t(15) \approx 2,19$$

$$t(12) \approx 2,18$$

функция нүктедегі ең кіші мәнге жетеді  $x = 12$

*Жауабы:* курьер қысқа уақыт ішінде елді мекенге жету үшін елді мекеннен 3 км қашықтықта және тас жолдан 12 км қашықтықта жүруі керек.

Келесі кезекте, аталған IXL Learning инновациялық формасына сай екі есепті ұсынамыз.

Мысал 2. Цех өнімінің көлемі  $u(t)$  шартты бірлік, жұмыс күні ішінде

$$u(t) = \frac{-20}{3}t^3 + 60t^2 + 160t + 240, 1 \leq t \leq 8$$

функциямен сипатталатыны статистикалық әдіспен анықталды. Мұнда  $t$  - уақыт

Сұрақтары:

- Еңбек өнімділігі, жұмыс басталғаннан кейін 3 сағаттан кейін оның өзгеру жылдамдығы мен қарқыны

- Қай уақытта еңбек өнімділігі ең жоғары болады. Нәтижені аналитикалық және графикалық түрде түсіндіріңіз. Нәтижелерге экономикалық талдау жүргізіңіз.

Шешімі:

Еңбек өнімділігі  $z(t)$  келесі формуламен есептеледі  $z(t) = u'(t)$ :

$$z(t) = \left( \frac{-20}{3}t^3 + 60t^2 + 160t + 240 \right)' = -20t^2 + 120t + 160$$

Еңбек өнімділігі үш сағаттан соң:

$$z(t) = -20 \cdot 3^2 + 120 \cdot 3 + 160 = 340$$

Еңбек өнімділігінің өзгеру жылдамдығын  $z(t)$  функциясының бірінші туындысы деп аламыз

$$z'(t) = (-20t^2 + 120t + 160)' = -40t + 120$$

Үш сағаттан соң еңбек өнімділігінің жылдамдығын есептейміз: соң:

$$z'(3) = -40 \cdot 3 + 120 = 0$$

Ендігі кезекте, еңбек өнімділігінің қарқынын келесі түрде табамыз:

$$\frac{z'(t)}{z(t)} = \frac{-40t + 120}{-20t^2 + 120t + 160}$$

Үш сағаттан соң еңбек өнімділігінің қарқынын есептейміз,

$$\frac{z'(3)}{z(3)} = \frac{-40 \cdot 3 + 120}{-20 \cdot 3^2 + 120 \cdot 3 + 160} = \frac{0}{340} = 0$$

Еңбек өнімділігі  $z(t) = -20t^2 + 120t + 160$  функциясының графигі-тармақтары төмен бағытталған парабола. Демек, бұл функцияның ең үлкен мәні параболаның жоғарғы жағында (шыңында) болады. Функцияның графигін құру үшін параболаның шыңының координаттарын табамыз:

$$t_0 = \frac{-b}{2a} = \frac{-120}{2 \cdot (-20)} = 3, z(t_0) = z(3) = -20 \cdot 3^2 + 120 \cdot 3 + 160 = 340$$

Параболаның төбесі  $M(3; 340)$  нүктесінде. Парабола тармақтары төмен бағытталған соң,  $Ot$  осімен қиылысу нүктелерін табамыз.

Ол үшін,  $z(t)$  нөлге теңейміз:

$$-20t^2 + 120t + 160 = 0$$


$$-t^2 + 6t + 8 = 0$$

$$D = 36 - 4 \cdot (-1) \cdot 8 = 68, t_1 = \frac{-6 - \sqrt{68}}{-2} \approx 7.1, t_2 = \frac{-6 + \sqrt{68}}{-2} \approx -1.1.$$

OZ осімен қиылысу нүктелерін табу үшін,  $z(t)$  функциясына  $t=0$  қоямыз:

$$z(0) = -20 \cdot 0 + 120 \cdot 0 + 160 = 160$$


Функция графигін саламыз (Сурет 1).



Сурет 5. Функция графигі


График бойынша жұмыс өнімділігі жұмыстың алғашқы 3 сағатында өсетінін, содан кейін жұмыс күнінің соңына қарай біртіндеп төмендейтінін көруге болады.

Мысал 3. Көлденең қимасы парабола тәрізді бөгетке судың қысымын есептеңіз (6-сурет). Судың үлес салмағы  $1 \text{ т/м}^3$



Сурет 6. Бөгет

Шешімі: 7-суретте көрсетілгендей координаталар жүйесін енгізейік.



Сурет 7.

$y_1(x)$ ,  $y_2(x)$  өрнектерін табу үшін, парабола теңдеуін құрамыз. Параболаның тармақтары ОХ осінің оң бағытына қарама-қарсы бағытта орналасқан теңдеуді  $(y - y_0)^2 = -2p(x - x_0)$  көрсетеміз, мұнда  $(x_0; y_0)$ - парабола төбесінің координаттары. Сурет бойынша парабола төбесі  $(5; 2)$  нүктесінде. Олай болса, теңдеудің түрі  $(y - 2)^2 = -2p(x - 5)$ . Келесі кезекте,  $p$  анықтаймыз. Парабола  $(1; 0)$  нүктесін қиятын болғасын, нүктенің координаталары парабола теңдеуін қанағаттандырады

$$(0 - 2)^2 = -2p(1 - 5)$$

$$4 = -2p(-4)$$

$$p = \frac{1}{2}$$

Ондай болса, парабола теңдеуі

$$(y - 2)^2 = -(x - 5)$$

Әрі қарай,

$$(y - 2)^2 = 5 - x$$

$$y - 2 = \pm\sqrt{5 - x}$$

$$y_1 = -\sqrt{5 - x} + 2, \quad y_2 = \sqrt{5 - x} + 2$$

Пластинидағы судың қысымы ( $\gamma = 1$ ) формула бойынша есептеледі

$$P = \int_{x_1}^{x_2} x(y_2(x) - y_1(x)) dx$$

$$P = \int_1^5 x(\sqrt{5 - x} + 2 - (-\sqrt{5 - x} + 2)) dx = \int_1^5 2x\sqrt{5 - x} dx = 2 \int_1^5 x\sqrt{5 - x} dx =$$

Интегралды есептейміз

$$\int x\sqrt{5 - x} dx = \left| \begin{array}{l} \sqrt{5 - x} = t, 5 - x = t^2, \\ x = 5 - t^2, dx = -2tdt \end{array} \right| = \int (5 - t^2)t(-2tdt) = 2 \int (t^4 - 5t^2) dt =$$

$$2\left(\frac{t^5}{5} - \frac{5t^3}{3}\right) = 4\left(\frac{\sqrt{\sqrt{(5-x)^5}}}{5} - \frac{5\sqrt{(5-x)^3}}{3}\right) + C.$$

$$\int_1^5 x\sqrt{5-x} dx = 4\left(\frac{\sqrt{(5-x)^5}}{5} - \frac{\sqrt{(5-x)^3}}{3}\right)\Bigg|_1^5 =$$

$$= 4\left(\frac{\sqrt{(5-5)^5}}{5} - \frac{5(5-5)^3}{3} - \left(\frac{\sqrt{(5-1)^3}}{5} - \frac{\sqrt{(5\sqrt{(5-1)^3})}}{3}\right)\right) = \frac{416}{15} \text{ т.}$$

Әр көрсетілген есептерді, аталған заманауи цифрлық құралдар көмегімен шешу және түсіндіру мүмкіндігі бар.

### Дискуссия

Қазіргі уақытта білім беру саласындағы басты басымдық әлеуметтік-педагогикалық сын-қатерлерге барабар жауап бере алатын педагогтарды даярлау болып табылады. Бұл ғылыми білімнің негіздерін қайта қарау және оқытудың инновациялық әдістерін іздеу қажеттілігін білдіреді. Мұндай талап қазіргі мектептер мұғалімнен шығармашылық ойлауды, әртүрлі әдістерді қолдануға, балама білім беру технологияларын қолдануға және өзін-өзі тәрбиелеуге дайын болуды күтетіндіктен туындайды. Мұғалімдердің интегралды дағдылары мен қасиеттерін дамыту маңызды болып табылады, бұл оларға заманауи мектепте сәтті жұмыс істеуге мүмкіндік береді, мұнда оқытудың классикалық формалары инновациялық тәсілдерге жол береді. Бұл жаңа тәсілдер мәдени диалогты есепке алуды және студенттерді жобалау және зерттеу жұмыстарына тартуды қамтиды.

Білім берудегі инновациялар жалпы білім беру жүйесін жетілдіруге және қазіргі жастардың даралығын дамытуға ұмтылады, олар уақыттың қиындықтарына барабар жауап беруге және кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру процесінде қоғаммен тиімді өзара әрекеттесуге дайын.

### Қорытынды

Оқытудың инновациялық әдістері-бұл білім беру үдерісіне жаңашылдық әкелетін, оқытудың тиімділігін арттыратын және студенттердің оқуға деген ынтасын арттыратын заманауи тәсілдер. Бұл әдістер дәстүрліден өзгеше болады және жаңа технологиялар мен құралдарды қолданады.

Жеке дамуға бағытталған қазіргі білім беру контекстінде ойлауға инновациялық көзқарасы бар мұғалімдер қажет. Олардың функционалдығы білім беру және тәрбие жұмысын жүзеге асыруды ғана емес, сонымен қатар балалардың әртүрлі топтарымен өзара әрекеттесу қабілетін де қамтиды. Олар сондай-ақ еңбек нарығындағы өзгерістерге бейімделуге, қоғамның және динамикалық өзгертін қоғамның талаптарын ескеруге дайын болуы керек.

Мақала авторлары математикалық анализ тарауын оқытуды ұйымдастырудың жаңа формаларын, ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдануды және бағалаудың жаңа әдістерін қамтитын инновациялық әдістерді әзірлеуге бағытталған, бұл инновациялық әдістеменің өзін құруды жоспарлауда.

Сонымен қатар, инновациялық технологиялардың білім беру процесіне сәтті интеграциялануын қамтамасыз ету үшін олардың цифрлық құзыреттілігін дамытуды ескере отырып, болашақ математика мұғалімдерін даярлау бойынша білім беру бағдарламаларын

жақсарту бойынша ұсыныстарды атап өтейік. Математикалық анализ тұжырымдамаларын көрсету және интерактивті сабақтар өткізу үшін GeoGebra немесе Desmos сияқты танымал математикалық бағдарламаларды қолдана отырып, "Математикадағы сандық құралдар" курсы, өндірістік практика жоспарларына енгізу ұсынылады. Сондай-ақ, математикалық есептерді шешуде цифрлық шешімдерді қолдануға бағытталған Khan Academy немесе Coursera сияқты платформаларда білім беру модульдерін жасауға болады.

Болашақ математика мұғалімдерінің инновациялық цифрлық шешімдерді білім беру процесіне біріктіруге дайындығы олардың кәсіби құзыреттілігінің негізгі аспектісі болып табылады. Математикалық анализ курсының мысалында осы дайындықтың бірнеше аспектілерін бөліп көрсетуге болады. "Математика", "Математика және информатика", "Математика және физика" бағытында оқитын студенттер заманауи цифрлық технологиялармен белсенді өзара іс-қимыл жасайды, бұл олардың инновациялық құралдармен жұмыс істеудің базалық дағдыларын қалыптастырады. Болашақ мұғалімдердің осы дағдыларды математикалық білім беру контекстінде қолдану қабілетін дамыту маңызды.

Сандық шешімдерді оқу процесіне біріктіру интерактивті сабақтарды құруға мүмкіндік береді, мұнда студенттер материалмен оңай әрекеттесе алады. Алайда, бұл тәсілді сәтті жүзеге асыру үшін болашақ мұғалімдер цифрлық білім беру ресурстарын құра және бейімдей алуы қажет. Бұл олардан математикалық ұғымдарды түсінуді ғана емес, сонымен қатар заманауи білім беру платформаларын қолдана білуді талап етеді.

Сонымен қатар, тағы бір маңызды сұрақтардың бірі, дайындықтың маңызды аспектісі - цифрлық құралдарды пайдалану кезінде оқушылардың үлгерімін тиімді бағалау мүмкіндігі. Бұл деректерді талдау дағдыларын дамытуды, бағалау әдістерін бейімдеуді және білімді бағалауға инновациялық тәсілдерді қолдануды талап етеді.

Осылайша, болашақ математика мұғалімдерін математикалық анализ курсының мысалында цифрлық шешімдерді оқу процесіне біріктіруге дайындау математикалық материалды терең түсінуді де, заманауи білім беру технологияларын игеруді де қамтитын кешенді тәсілді қажет етеді.

#### *Пайдаланылған дереккөздердің тізімі*

[1] Далингер В. А. (2023) *Методика обучения началу математического анализа: учебник и практикум для вузов* // Москва: Издательство Юрайт. - 162 с.

[2] Шабашова О.В. (2010) *Теория и методика обучения математике: типовые профессиональные задания: в 2 ч.: учебно-методическое пособие* / О.В. Шабалова. [Текст] Орск: ОГТИ. Часть 1. – 123 с.

[3] Журавская Н.Т. (2010) *Методологические подходы к исследованию инновационных форм образования* // Журнал Мир науки, культуры, образования. №6 (25) –162-166 с.

[4] Юнусова Д.И. (2012) *Подготовка будущих учителей математики к инновационной педагогической деятельности* // Известия высших учебных заведений. Поволжский регион. Гуманитарные науки № 1(21). - 167-172с.

[5] Ряписова А.Г. (2017) *Инновационные формы организации образовательного процесса* // Вестник педагогических инноваций, № 1 (45), С. 5-14.

[6] Прищепа Т.А. (2014) *Особенности подготовки педагогов к инновационной деятельности* // Вестник Томского государственного педагогического университета. - 47-53 с.

[7] Джабатьрова Б.К., Даурова М.Ш. (2013) *Инновационный образовательный процесс как основа педагогической интеграции* // Вестник Адыгейского государственного университета. Серия 3: Педагогика и психология.- 32-42 с.

[8] Сабырханова П.Ш., Есингельдинов Б.Т., Аширбаев Н.К. (2023) *Преимственность в обучении дифференциальному интегральному исчислению*// Педагогика и психология. – № 1(54). – С.257– 266. DOI: 10.51889/2077-6861.2023.1.30.010

[9] Гаврилова Е.Н. (2021) *Системно-методическое обеспечение инновационной направленности в процессе преподавания математических дисциплин в ВУЗе* // Диссертация. -150 с.

[10] Bakker, A., Cai, J. & Zenger, L. (2021) *Future themes of mathematics education research: an international survey before and during the pandemic. Educ Stud Math* 107, 1–24 <https://doi.org/10.1007/s10649-021-10049-w>

- [11] Hillmayr D. et al. (2020) *The potential of digital tools to enhance mathematics and science learning in secondary schools: A context-specific meta-analysis* // *Computers & Education*. – Т. 153. – С.
- [12] Abrahamson D. et al. (2020) *The future of embodied design for mathematics teaching and learning* // *Frontiers in Education*. – Frontiers Media SA. – Т. 5. – С. 147
- [13] Власенко С. В. (2014) *Инновационные формы обучения в современной системе повышения квалификации педагогов* // *Научное обеспечение системы повышения квалификации кадров*. - №1 (18).
- [14] Resendiz-Balderas, E. (2020) *Discourse analysis, development of number sense in preschool education and ICT use*. *Cienciasuat*, 14, 72–86.
- [15] Alonso-García, S.; Aznar-Díaz, I.; Cáceres-Reche, M.P.; Trujillo-Torres, J.M.; Romero-Rodríguez, J.M. (2019) *Systematic Review of Good Teaching Practices with ICT in Spanish Higher Education. Trends and Challenges for Sustainability*. *Sustainability*, 11, 1–15.
- [16] Usli, N.A.; Usluel, Y.K. (2019) *Predicting technology integration based on a conceptual framework for ICT use in education*. *Technol. Pedagog. Educ.* 28, 517–531.
- [17] Tinmaz, H.; Ozturk, Y.E. (2019) *ICT Integration into Education: A Comparison of South Korea and Turkey*. *Perspect. Glob. Dev. Technol.* 18, 422–456.
- [18] Hazama, H.; Ebara, Y.; Ogasarawa, T. (2019) *Study on interface for screen operation to reduce tiredness at practical training using ICT in elementary and secondary education*. *Artif. Life Robot.* 24, 262–269.
- [19] Trujillo, J.M.; Aznar, I.; Cáceres, M.P. (2015) *Analisis del uso e integración de redes sociales colaborativas en comunidades de aprendizaje de la Universidad de Granada (España) y John Moores de Liverpool (Reino Unido)*. *Rev. Complut. Educ.* 26, 289–312.
- [20] Ifenedo, E.; Rikala, J.; Hamalainen, T. (2020) *Factors affecting Nigerian teacher educators' technology integration: Considering characteristics, knowledge constructs, ICT practices and beliefs*. *Comput. Educ.* 146, 1–17.
- [21] Aguiar, B.O.; Velázquez, R.M.; Aguiar, J.L. (2019) *Innovación docente y empleo de las TIC en la Educación Superior*. *Espacios*. 40, 1–12.
- [22] Hinojo-Lucena, F.J.; Mingorance-Estrada, Á.C.; Trujillo-Torres, J.M.; Aznar-Díaz, I.; Cáceres Reche, M.P. (2018) *Incidence of the flipped classroom in the physical education students' academic performance in university contexts*. *Sustainability*. 10, 1334.
- [23] Perkova N., Veselova A. (2019) *Возможности технологии электронного обучения при изучении математического анализа* // *Society. Integration. Education. Proceedings of the International Scientific Conference*. – Т. 5. – С. 459-468.
- [24] Капкаева Л. С. (2019) *Основные направления практико-ориентированного обучения математическому анализу студентов педагогического вуза* // *Современные проблемы науки и образования*. №. 5. С. 46-46.

#### References

- [1] Dalinger V.A. (2023) *Metodika obucheniya nachalam matematicheskogo analiza: uchebnyy i praktikum dlya vuzov* [Mastering the methodology of mathematical analysis: practical experience for higher school] Moskva: Izdatel'stvo YUrajt. - 162 s. (in Russian)
- [2] Habashova O.V. (2010) *Teoriya i metodika obucheniya matematike: tipovyye professional'nyye zadaniya: v 2 ch.: uchebno-metodicheskoe posobie* [Theory and methodology of teaching mathematics: typical professional tasks: in 2 hours: educational and methodical manual] O.V. SHabalova. [Tekst] - Orsk: OGTI. - CHast'1. - 123 s. (in Russian)
- [3] Zhuravskaya N.T. (2010) *Metodologicheskie podhody k issledovaniyu innovacionnykh form obrazovaniya* [Methodological approaches to the study of innovative forms of education] *ZhurnalMirnauki, kul'tury, obrazovaniya*. №6 (25) –162-166 s. (in Russian)
- [4] YUnusova D.I. (2012) *Podgotovka budushhih uchitelej matematiki k innovacionnoj pedagogicheskoy dejatel'nosti* [Preparing future mathematics teachers for innovative teaching activities] *Izvestiya vysshikh uchebnykh zavedenij. Povolzhskij region. Gumanitarnyye nauki* № 1(21). - 167-172s. (in Russian)
- [5] Ryapisova A.G. (2017) *Innovacionnyye formy organizatsii obrazovatel'nogo processa* [Innovative forms of organization of the educational process] *Vestnik pedagogicheskikh innovatsij*, № 1 (45), – S. 5-14. (in Russian)



- [6] Prishchepa T.A. (2014) *Osobennosti podgotovki pedagogov k innovacionnoj deyatel'nosti [Features of teacher training for innovation]* Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta. 47-53 s. (in Russian)
- [7] Dzhabatyrova B.K., Daurova M.SH. (2013) *Innovacionnyj obrazovatel'nyj process kak osnova pedagogicheskoy integracii [Innovative educational process as the basis of pedagogical integration]* Vestnik Adygejskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya 3: Pedagogika i psihologiya. 32-42 s. (in Russian)
- [8] Sabyrhanova P.SH., Esingel'dinov B.T., Ashirbaev N.K. (2023) *Preemstvennost' v obuchenii differencial'nomu i integral'nomu ischisleniyu [The advantage of learning differentiated and integral distribution]* Pedagogika i psihologiya. – № 1(54). – S.257– 266. DOI: 10.51889/2077-6861.2023.1.30.010(in Kazakh)
- [9] Gavrilova E.N. (2021) *Sistemno-metodicheskoe obespechenie innovacionnoj napravlenosti v processe prepodavaniya matematicheskikh disciplin v VUZe [Systematic and methodological support of innovation orientation in the process of mastering mathematical disciplines at the university]* Dissertaciya. - 150 s. dis. ... dok. ped. nauk. –Taldykorgan. S.124
- [10] Bakker, A., Cai, J. & Zenger, L. (2021) *Future themes of mathematics education research: an international survey before and during the pandemic.* EducStudMath 107, 1–24 <https://doi.org/10.1007/s10649-021-10049-w>
- [11] Hillmayr D. et al. (2020) *The potential of digital tools to enhance mathematics and science learning in secondary schools: A context-specific meta-analysis* Computers & Education. – T. S-153.
- [12] Abrahamson D. et al. (2020) *The future of embodied design for mathematics teaching and learning* Frontiers in Education. – Frontiers Media SA. – T. 5. – S. 147
